

Ш.Күмісбайұлы

Дайымбек батыр



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3

К 90

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Күмісбайұлы Ш.

К 90 Райымбек батыр. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»
баспасы. 2006. – 92 бет («Шығыстың ұлылары» топтама-
сы)

ISBN 9965-26-146-6

*«Аруна» баспасы сіздерге арнап «Шығыстың ұлылары» ат-
ты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектер-
ге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем
суретті туындыда қазақ-жоңғар соғысында елін, туған же-
рін ерлікпен қорғаған қолбасшы Райымбек батырдың өмірі
мен күрес жолдары толық әрі әсерлі баяндалады.*

ББК 63.3

К 4803250204
00 (05) – 06

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз
кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-146-6

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006

Мазмұны

<i>Сағашының сыйы</i>	5
<i>«Дайымбек, Дайымбек!»</i>	13
<i>Ағашқы аттаныс</i>	23
<i>Іле суы тобықтан келмеген күн</i>	32
<i>Ағашқы Жекпе-Жек</i>	41
<i>Абылайдың ақ ордасында</i>	46
<i>Жаппай қуу</i>	50
<i>Жорық жалғасады</i>	54
<i>Жау жап астында</i>	64
<i>Қалмақтан келген батыр</i>	75
<i>Батырлардың айтқаны келеді</i>	87

Бұл кітапқа енген шығарманы жазу барысында атақты Райымбек батырдың өмірі мен ерлік істері жөнінде деректерді іздеп тауып, оларды салыстыра отырып, жас оқырманға неғұрлым қызықты әрі қажетті тұстарын пайдалануға тырыстық. Батыр өмірі өсіп келе жатқан өскінге жан-жақты пайдасын тигізсе, нұр үстіне нұр. Негізінен, Райымбек батыр өмірін ерте уақыттан бері зерттеген Қабылбек Сауранбаев, ғалым Сәрсенбі Дәуітұлының еңбектеріне ден қойғанымызды айта кеткенді жөн көрдік.

Ғағашының сыйы

Қыр астынан жез қоңыраудай сыңғырлаған Көкойнақтың үні естілді. Сол-ақ екен, қазақ үйде ұйықтап жатқан қою қасты, ұзын кірпікті қара бала жастықтан басын жұлып алды. Көздерін уқалап, жан жағына қарады. Әлгіндегі таныс үн құлағына тағы келді.

– Мені іздеп тұрсаң, қазір жетемін, – деп орнынан атып тұрды. Көйлегін ышқырланып, сыртынан жеңіл шапанын киді. Керегенің жақтауына ілінген тобылғы сапты қамшыны алып белбеуіне қыстырды да, жедел басып сыртқа шықты.

Күздің кешеу шағы болса да тау көгі әлі түс бере қойған жоқ-ты. Қайта құйқаланып, шүйгіндене түсіп, төрт аяқты мал атаулының басын жерден көтертер емес. Беткейге өрлеген қылқұйрықтардың бір тобы алысқа ұзарға зауқы жоқтай ойдым-ойдым тобылғы өскен белеңді айнала жайылып жүр. Бір кезде жылқы ішінен құйрығын көкке көтере шауып, ойнақтап көк тай шыға келді. Қара бала жымың етті. Былтыр жазда ғана құлдыраңдаған сүйкімді құлын еді, енді міне, өзінше мал атанып жусап, сусап жүр.

Райымбектің көз алдына осы Көкойнақты өзіне тарту еткен, онымен алғаш кездескен сәт елестей кетті. Сондағы қуанышын айтып жеткізу қиын. Әрине, ол күнді қалай ұмытсын.

Жаздың бір мамыражай шағы болатын. Бұлардың үйіне қасына он шақты салт атты ерткен еңсегей бойлы ер адам келіп түсті. Қонақтарды қарсы алған жұрт ішінде әкесі Түке мен анасы Ақмоншақ та бар еді.

– Құлыным-ау, бұл кісі сенің нағашы атаң ғой. Алдынан шығып сәлем бер, – деп кезек-кезек сыбырлады.

– Бол, тезірек, – деді көптің ішінен біреу. Алғашқыда бейтаныстарға тосырқай қараған Райымбек жүгіре жетіп:

– Ассалаумағалейкум! – деп қолын соза сәлем берді.

– Уағалайкумассалам, батыр бол, балам! – деді нағашысы оны жерден көтеріп алып. – Тфә, тфә! Міне, ақылды жігіт...

Бет-әлпеті шешесіне келетін сұлу өңді, ұзын бойлы адам бетінен, маңдайынан құшырлана сүйіп, мейірлене құшақтап сәл тұрды да, жерге түсіріп әкесі Түкеге қарай жүрді. Көптен көрмеген адамдардың сәлемі керемет жарасады екен. Бір-бірімен төс қағыстырып құшақтасып жатыр. Жиналған жұрт амандасуға кезек күтісіп біраз уақытқа дейін тұрып қалды. Тек әкесі алты қанат қазақ үйдің төріне қонақтарды





жайғастырып, олар жастыққа жантая жатқанда барып маңай бір сәт тынышталды. Артынша сары қымыз сапырылып, тостағандар қонақтарды аралады.

Жайлаудан өне-міне күздеуге көшеміз деп отырған ауылға тосын келген қонақ көп аялдамай, екі-үш күннен соң қайтатынын да білдіріп үлгерген.

– Көзін алартып желкемізде қалмақ отыр. Қараң азайса, бас салуға дайын. Түн қараңғысын пайдаланып, ерге қондық. Дұшпан көзі байқамасын дегеніміз ғой, – деді нағашысы Биеке батыр.

Екі күн өтіп, үшінші күні түсте, ас қайырған соң Биеке нағашысы:

– Қарағай басын бұлт шалған заман ғой, бұл. Аталық парызымды өтейін деп келдім, – деп сөзін күңіреніп бастады. Сөйтті де шеткері отырған жігітке ым қақты. Ол да осы сәтті күткендей, лып етіп орнынан көтерілді де, есікке қарай беттеді. Артынан екіншісі кетті.

– Әу, жиен бала! Бері жақындашы. Мауқым әлі басылмай отыр. Келе ғой, – деді енді Биеке атасы өзін шақырып.

Жүзі жылы, анасына ұқсас осы бір зор денелі, қарасұр адам Райымбекке тым жақын болып кеткен еді. Сұрауы көп, аз сөйлеп, көп тыңдайтын кісі екен. Тура Қангелді атасы сияқты. Айтпақшы, сол күні «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал сәлем береді» деген ескіден келе жатқан ата салтымен құдасына сәлем беруге ол да жеткен.

Ел сәл тыныштанған кезде бағанағы жігіттер әлдебір қомақты түйіншекті алып кірді.

– Құда, мына жиен өзіңіз сияқты жауына қатал, досына адал болатынына сенімім мол. Тегіне тартсын, құдайдың құлыншағы. Тілегім сол, – деп бастады нағашысы Райымбектің Қангелді атасының баласы екенін ескерте.

– Жөн ғой, – десті ақсақалдардың бірі.

– Құдай сөзі.

Қарттар жағы әлі де дуылдаса берер ме еді, Қангелді оң қолын көтерді. Биеке нағашысы сөзін ары қарай жалғастырды.

– «Атаға қарап ұл туар» деген. Мен жиеніме ер жігіттің бес қаруын әкеліп отырмын. Ер болсын, елін қорғасын, атасына тартсын... – Биеке батырдың үні дірілдеп, қоңыр үнмен бітті.

– Көңілі босады ғой құданың, – деді Қангелді.

– Қайтсін-ай, жиені емес пе.

– Тілеуін берсін нағашысының...

Жағалай отырған ел өздерінше шешіп, бір дуылдасып алды.

– Олай болса, халайық, мына жиеніме әкелгенімді Қангелді құдама тапсырамын.

Ел тағы ду етті.

– Нағашысы жарады!

– Бала Қангелдінікі, Түке ағасы ғана емес пе.

Райымбек түйіншектегі заттарды саралай бастады. Ұзындығы кере қарыс айбалта, адырналы имек садақ, қайқы жүзді алмас қылыш, шапшақты найза, торкөз сауыт... «Осының бәрін дайындап әкелген Биеке нағашым менің батыр болатынымды қайдан біліп қойды, ә?» деді Райымбек күбірлеп. «Иә, мен батыр боламын. Қалмақтың басын аламын...» Ойға шомып кетіпті, жұрттың бірін-бірі қолтықтай сыртқа беттегенін көріп, орнынан тұрды. Артынша тыстан Биеке нағашысының:

– Әу, атасының баласы, мынау елдің панасы. Мұнда кел, – деген дауысы естілді.

Далаға жүгіріп шыққанында кермеде байлаулы тұрған көк құлынды көрді. Үйдегілердің бәрі солай қарай беттеп барады екен. «Бұл не қылған жануар?! Мұны қашан алып келген? Анық біздің жылқыдан емес. Мен көрсем керек еді ғой» деп, өз ойымен өзі әлек. Сол кезде:

– Қанеке, бұл Райымбек батырдың тұлпары. Текті тұқымнан. Жаман ат бола қоймас. Қане, құлыным, бері кел, жетектеші, – деді Биеке нағашысы құлынның шылбырын шешіп, Райымбекке ұстатып жатып.

Көк құлын қиқар екен. Райымбекті баласынды ма, кісінеп-кісінеп жіберіп аспанға атылды. Шамасы, босанып алып ен даланы еркін кезсем десе керек. Райымбектің қазірдің өзінде ат ұстап мініп, жылқы айдайтынын қайдан білсін.

«Мынау бір керемет болды-ау. Менің енді өз тұлпарым бар. Имек садақ асынып, найза ұстап, қылышымды қынына салып, үстіме сауыт киіп, көк пыраққа мініп шыға келемін әлі. Атаңа нәлет, қалмақ! Тұра тұр! Қылышымды сілтесем, қырыларсың. Найзамды сілтесем, жер жастанып жусарсың. Өсейін мен. Көрсетермін сонда» деп төбесі көкке бір елі ғана жетпегендей шаттанған еді.

Міне, содан бері де біраз уақыт өтіпті. Көк құлын тай болды. Райымбек оны меншіктеп, бағып, күтуді өзіне міндет етіп алған-ды. Алғашқыда бие сүтін, бие сүті табылмаса, ешкі сүтін берді. Кейін келе ұзын арқан байлап, сүйретпе жасап оттатты. Ерке мінезіне сайып «Көкойнақ» деп ат қойды.

Әкесі Түке де баласын сырттай бақылап, талабына дән риза. Көкойнаққа да көз қиығын салып қояды. «Мына жануардың бітімі шынында да ерекше екен. Көрген жанды қызықтырмай қоймайды. Жұлқынып тұр. Нағыз тұлпар болар», – дейді іштей. Сүйкімді жануарға не десең де бәрі жарасып тұр.

Жақын маңайда ел жоқта:

– Ер жігіттің аты – оның қанаты. Батыр неғұрлым жауға көп шапса, тұлпары да тез тыңаяды. Ең бастысы, оның шайқас кезінде иесіне көмектесуінде, – деп баласына ақылын айтады. Сонан соң Көкойнақтың міндетті түрде үйренуі тиіс әдістерін саралайды. – Біріншіден, жауының атына қарсы секіріп, омырауымен қағу; жат десе жатып, хабар берілмей



орнынан тұрмау; иесінің қылышын іздеп тауып, алып келу; сумен жүзе алу; емеурінді түсіну; барлауға шыққанда жер бауырлап жата қалып, жауға көрінбеу; кезі келсе, төрт аяғын бүгіп алға қарай жылжу.

Иә, әкесінің әрбір сөзі есінде. Шіркін, соның бәрін үйрете алса ғой. Оған қоса, өзі де батыр болуға шынығуы керек.

Расында, көрші қонған атасының ауылындағы сайдың табаны күнде ат ойнақ. Үлкендердің айтары – «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында. Қалмақ ешкімді аямайды. Байқап жүріңдер». Бұл ескертудің жаны бар. Кейінгі кезде Батыраштың Қойбағары, Бөстекбайдың Тезегі, Бекетбайдың Оразалысы ұшты-күйлі жоғалып кетті. Жұрт оларды жаудың тұтқынында деседі. Сол үшін де балалар садақ тарту, қылыш шабу, атпен ойнау, атпен суда жүзу өнерлеріне жаттығады. Бапкері – әкесі Түке, кей-кейде ересек жігіттер қолғабыс жасайды. Әзірге қылыштасудан қатарластарының өзінен асып түсетіні жоқ. Найзаласудан нашарлау. Одан кейінгі айналдыратыны осы көк тай.

Шалғын шөпті жұлығынан кешіп, осы ойлардың жетегінде белеңге көтерілгенде Көкойнақ жақындап келді де, екі аяғын алдыға соза беріп жата кетті. Райымбек күліп жіберді.

– Әй, көк бала! Сен маған өйтіп жағымпазданба. – Райымбек құдды ауыл балаларымен әңгімелескендей-ақ бейқам. Тай да иесінің айтқанын түсінді ме, кім білсін, орнынан атып тұрды.

– Көкойнақ, сен ренжіме! Қазір біраз терлеп еңбек етуің керек. Өйткені болашақ батырдың тұлпарысың. Енді екеуміздің жанымыз бір. Егер жаттықпасақ, жауды қалай жеңбекпіз, – деді Райымбек.

Осыдан біраз бұрын Арықбай бастап екі-үш бала Божбантайдың Қарагерін үйреткен. Аса қиын емес екен. Алғашқыда үстіне қонған баланы тулақ етіп ұшырып жібермекке бұлқынған Қарагер сәлден соң басу беріп, байыз тапқан. Онда да Арғынбай мен ересек Арықбай ұзын арқанмен тартқылап асаудың адымын аштырмады. Ал бұл жолы Көкойнақпен жалғыз өзі айқасуы керек. Атасының: «Әй, балам, өмір деген бір қызық – асау тай үйреткендей. Жығыларсың, жер көтереді. Аяғың мертігер, ол да жазылады. Алайда адамға керегі сенің алға ұмтылуың» дегені бар. Сол есіне түсті. «Жығылсам жер көтереді, мейлі», – деді ішінен.

Көкойнақтың қаперінде ештеңе жоқ. Сәби пішін, ерке қылық. Мопмомақан. Райымбек жайлап жалын қасыды. Абайлап жүгенін¹ кигізді. Шылбырынан ұстап ойпаңдау жерге апарды. Тастың үстіне шығып, алдарқатып тұрып, үстіне қарғып мінді.

Алғашқыда Көкойнақ ыңқ етіп: «Әй, Райымбек, мұның не қылғаның? Мен сені дос деп жүрсем» дегендей, кісінеп-кісінеп алды. Сонан соң бөкен қабақтарының астындағы көздері адырая шытынап, үстіндегі бір түп

¹Жүген – жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар әбзел.

шеңгелдей қоқайып отырған Райымбекті бұйым көрмей ала жөнелді. Бұл екі ортада белбеуі ағытылып кетіп, ышқырынан шығып кеткен көйлегінің етегі кепкен тулақтай желп-желп етті. Батырға да жан керек екен, Райымбек шалт қимылмен ытырынған қылқұйрықтың жалынан ұстап қатты да қалды. Алғашқыдағы «үзеңгісі жоқ, үстінен ұшып кетермін» деген қауіп сейіліп, есесіне тақымын қысып, өкшесін көк тайдың қабырғасына батыра қадап, тізгінді тартты. Көкойнақтың езуінен қан көрінді. Иесімен ерегесіп көкке атылды. Содан соң бар екпінімен беткейді жағалай шауып, ойпаңдағы жазыққа түсе бере артқы екі аяғымен тепкілене бастады. Иесі былқ етер емес. Танауынан бу атып, жандалбаса тулады.

Енді бір кезде жануардың ашуланғаны сонша, жұлдыздай ақты. Шіркін-ай, еркіндікке не жетсін? Әлгіндегі жұп-жуас, моп-момын Көкойнақ ауыздығымен алысып, жан теңгерер емес. Бірақ қанша бір асау болса да, біраздан соң «басқыншылықтың» нәтижесі көріне бастады. Біреу жеңіп, біреу жеңілу – бұлжымайтын қағида. Көкойнақ «Сен жеңдің, мен жеңілдім» дегендей, ышқына кісінеп алып, желіске көшті. Көзінен жас ағыпты. Құдды жылаған бала сияқты. Атасынан естіген нұсқауымен Райымбек Көкойнақтың тізгінін қоя берді. Қамшы салмады, жануарын аяды.

– Сабаңа түстің ғой. Енді ары-бері шап, жуасығаныңды білейін, – деді бойын тіктеп Райымбек. Көкойнақ иесінің өкімін бұлжытпай орындады. Сонда да Райымбектің мінісіне сенгісі жоқ. Бұдан соң Көкойнақ жанына жан жуытпайтын шығар деп ойлады. Тізгінін тартып еді, мінісі қалт тоқтады. Сырғып жерге түсті де тайына қарады. Қара тер болып шаршапты.

Кенет ту сыртынан «Жарадың!» деген дауыс шықты. Жалт қараса әкесі. Жанына ертіп алған бір топ баласы бар.

– Тфә, тфә! Тілім тасқа! Тайыңды өзің үйреттің ғой, ә.

Байқап қараса, Райымбек «қалмақ пен қазақ» ойнайтын алаңның ортасында тұр екен. Анандайда бағананың басында тері тулақтан ырып жасалған нысана тұр. Жанында қорамсақ ілулі. Небір жебелердің кірісі¹ көрінеді. Қияқ, ысқырма, қозыжауырын, жезайыр, қасалы, көбепұзар...

– Ал енді бөлініңдер, – деді әкесі сонан соң. – Кім жеңер екен, керелік.

Әп-сәтте екіге айырылған топ қынабынан қиялай тартып қылышын суырды. Енді бірі қайың сапты ақ найзасын толғады. Тұзақ ұстаған бірі сонадайдан топты «жауын» көздеді. Жез балта күн нұрына жарқ-жүрқ етті. Бұл «соғыстың» әшейін «ойын» екенін сырттан қараған адамға «жауынгерлердің» ту сыртынан тиген доғал жебенің зиянсыздығы ғана дәлелдегендей еді.

¹Кіріс – жебе оқтың дүмі.

«Райымбек, Райымбек!»

Малпы, Ұлы жүз елі атанған аймақ мұндай қуанышты бастан өткермегені қашан. Қалмақ өне келіп қалды, міне келді деумен күн кешкен. Ақыры игі жақсылар бас қосып, «Елдің қабырғасы қайысып, ұнжырғасы түсіп барады. Көңіл серпілтетін бір шара керек. Оған осы көктемдегі Наурыз лайық» деп келіскен-ді. Күпті көңіл жалпақ ел бұл тойға тегіс жиналды. Жалайырдан, Торайғыр тауының маңайынан, Іле аңғары, Шалкөде, Қарқара жайлауынан, Хан Тәңірі, Көкпек жазығынан, Алматы, Талғар мекенінен ат шабылтқандар қарақұрым болды.

Қазақ жүрген жерде ойын-сауық болмай қалған емес. Жиналған жұрт ақындар айтысын, қыз қуу, аударыспақ, арқан тарту, теңге алу ойындарын, көкпардың қызығын тамашалады. Бәйге аттарын көмбеге жіберіп, палуандар күресін қызықтады. Түнді де бекерге жіберген жоқ. Қызжігіттер алтыбақан теуіп, жасырынбақ ойнап, соқыртеке, ақсүйекпен жалғастырды. Ертеңгісін ерте тұрған жұрт киіз үйлерді аралап, ас ішіп, қымыздан дәм татып, додаға түскен сәйгүліктердің алдын күтті. Қарттар жағы қауқылдасып, жөн сұрасып, шежіре шертіп, сыр айтысып мәресәре. Бір уақытта алаңның сол жақ бетіндегі белеңнің үстінде тұрған қос сарбаз:

- Аттардың қарасы көрінді, – деп даурыға дауыстап қалды.
- Алдыңғысы күрең ат, – деді шолғыншының бірі.
- Күрең дейді. Ол кім болды екен? – Түке батыр елең етті.

«Той дегенде қу бас домалайды» демекші, бұл өңірге құсбегілік, атбегілік өнерімен даңқы шыққан Түке де бәйгеге ат қосқан еді. Құсбегі демекші, ұшып бара жатқан құсты қанатының қағысынан айыра алатын қасиеті бар-ды. Сонымен бірге жылқы малы десе ішкен асын жерге қояды. Райымбекті бала күнінен соғыс, ат өнеріне баулып, жылқы жануарының қыр-сырын үйретуді өз мойнына алған. Ер тұлғалы ұлы да көңілінен шығып жүр.





Бұл тойда Көкойнақты әзірге белдеуге байлап, Райымбекке көптен жаратқан Күреңді мінгізіп, аламанға қосқан. Әлгіндегі елең еткені де сондықтан. Кешегі күні Күреңнің жүгенін алып, ен далаға еркін жіберіп, сыртынан көз тастағанда, жасаған «емі» дұрыс қабылданып, тығыршық атып, тың тұлпардың күйін танытқан. «Осы шіркін бәйгеде алдыңғылардың бірі болып келіп жүрмесін» деген де қойған. Енді «сол сөзім рас болғай» деп тілеу тілеп тұр.

Бұл кезде шауып келе жатқан Райымбек те өз ойымен өзі болып есі шықты. Әкесі Түке Күреңді еркіндікке қоя бергенде:

– Әке-ау, шөп жеп, су ішіп, қарны тойса, ертең шаба алмай қалады ғой, – деп шар ете түскен. Әкесі күлімсіреп:

– Әй, Райымбек-ай, жылқы – қазақ мінезді мал. Кеңдікке, молдыққа әуес. Дала самалын жұтып, шүйгінін оттап, мөлдірін сімірмесе, тынысы тарылмай ма? Кең даланың қасиетін сезінсін, – деген. Райымбек үнсіз қалған. – Өзіңнің бабың келіссе, мен шабудан тайынбаспын деп тұр Күрең, – деді әкесі тағы.

Енді ойласа, онысы баласын қайрағаны екен. «Бабы» деп тұрғаны шабандоздың әдіс-айласы ғой. «Алғашқыда басын тарта отыр» мен «тышқанның інінен сақ бол» дегенді де ескерткен. Оны орындап келеді. Райымбектің есіне әкесінің тағы бір айтқаны түсті.

– Күреңді жасаулап апарайық. – дегенінде әкесі ренжіп:

– Балам-ау, табиғаттың жанға да, малға да берген бітімі бар. Ару қыздың бәрі сұлу емес. Үкі таққан аттың бәрі жүйрік емес. Анау Жағалтайдың Теңбілкөгіне көз тасташы. Жылқының сымбаттысы. Көкірегі, шоқтығы биік. Кеудесі кең. Басы шалқақ. Өткен-кеткенге шекесінен қарайды. Сонымен өткенде Күреңді жарыстырып көріп едің ғой. Құйрық тістеуге де жарамады. Ал оны иесі әшекейлеп есі шығады, – деген еді.

Райымбек ойынан арыла беріп алды-артына қарады. Дәл артында есік пен төрдей жерде он шақты ат екілене шауып, зулап келеді. Алдында бес-алтауы озып бара жатыр. Тақымын қысып қалып еді, Күрең құлағын жымырып алып, қос торының жанынан зу етіп өте шықты. Одан әрі таяқ тастам жерде үш ат қатарласа шауып барады. Бір белеңнен өткенде байқап қалды, үшеудің алдыңғысы қазмойын, шымқай қара екен. Кейінгісі жатағандау келген, жоны тұтас, кеудесі кең, бөкселі ат. Үшіншісінің де мықыны кең, кеудесі алшаң. «Нағыздар осылар болды. Алысқа да ұзатпайын, арасына да қосылмайын. Көмбеге жақындағанда көрермін өнерлеріңді» деп ойлады Райымбек. Сәлден соң әлгі үшеу суырылып алға шыға берді. Райымбек те тақымын қысты. «Сойыл тиген мал жалтақ келеді. Жүйріктің сауырына тиген қамшы оны қорлау болмақ. Онан да тақымыңды қыс. Сауырын сипа, жалын тарт. Сонда ол сені түсінеді» деген әкесінің сөзін есіне алды. «Жалпы, менің әкем

нағыз бапкер. Жылқының жанын біледі. Көкойнақты да мақтады ғой» деп қуана күбірледі сонан соң.

Құлағының түбінен жел гуледі. Алып дала айналып жатқан ғажап әлем сияқтанды. Найза өркешті таулар легі бір сәтте қол бұлғап қарсы алғандай сыңай танытып, сәлден соң артта қалып бара жатты.

Күрең жел көтеріп келе жатқандай еркін, желкендей жеңіл. Алдыңғы үшеу қанша тырысқанымен Күреңнен құтыла алмады. Әкесінің «Аламан бәйгеде асықпаған жөн, бір қалыптан аума, шабатын аттың сыры белгілі. Өзі іріктеліп қалады» дегені шын екен. Сөйткенше, тойлы ауылдың да қарасы көрініп қалды. «Ал жануар, шүү!» деді Райымбек. Күрең әміршісінің бұйрығын ұққандай заулай жөнелді.

Ат жарысты тамашалап тұрғандар бәйге дүлдүлдерінің біресе бірінен бірі озып, біресе құйрық тістесіп, қала бере арасы алшақтағанынан көз алмай өз долбарларын айтысып жатты.

Сәлден соң созылған топтың арасынан оқ озым алға шыққан күрең түсті ат анықтала түсті. Күрең тым ширақ, үстіндегі бала қамшы салмай өзін бос ұстап келеді. Ауық-ауық жалына жабыса еңкейіп мінісінің басы, көзін сүртеді. Түке Күреңін бірден таныды.

Сонау бірде осы Күреңді тай күнінде жылқы ішінен көріп, әкесі Қангелдіден қалап алған. А дегенде Күреңнің қол сыйып кетердей «бөкен танаулығына» қызыққан. Басы ұшқыр үйректің басындай сүйрік. Алдыға қарай басын төсей шапқанда қарсы желдің кедергісін жойып, құстай ұшып жөнелері хақ. Мойны құдды жолбарыстың мойнындай жұмырланып біткен. Мұндай ат қанша шапса да талмайды. Алды мен арты тең. Жотасы жаялы. Бәрінен де кісі қызығарлығы – құлағы, құланның құлағының түбі секілді бос, қатты шапқан кезде желкеге қарай жатып қалады. Шындығында, атты көп баптасаң, жүйрікті бітімінен танысың. Шын дүлдүл¹ төсінің астынан адам жүгіріп өткендей кеуделі, омыраулы болады. Ондай аттың өкпесі ұзақ шабыста, аламан бәйгеде ентікпейді. Екі жақтың арасының алшақ, жұдырық сыйып кететіндей кең сағақты болуы да шарт. Қолтығы ашық, шоқтығы сыртына қарай айналып бітсе, құба-құп. Ал тұяқта да мәселе көп. Тұлпардың тұяғы қалың әрі биік болса, ұзаққа шапқанда қызбайды. Жылқының мінезін қабағынан танысың. Түйіліп тұрған қабақ қайсар мінезді аңғартады. Нағыз бәйге атының жал-құйрығы сұйық келеді. Күреңде осының бәрі бар, яғни бабында деген сөз.... Ойы үзіліп кетті.

Сөйткенше ат үстіндегі қаршадай баланың әлдене деп айғайлап келе жатқаны естіле бастады. Құлағын түрді. «Сырымбеттің» аты аталса керек еді. Сүйек туыстар осы бір мақамды қостап, жан даусы шығар деп

¹Дүлдүл – жүйрік ат, сәйгүлік, пырақ.

күткен. Тым-тырыс. Құлағын қайта тікті. О, сұмдық! Балаң үн бар дауысымен өз есімін атап «Райымбек! Райымбек!» деп ұрандап келеді. Ел арасы дуылдай бастады.

– Ау, мына баланың анық есі дұрыс емес, – деді шеттеу тұрған қария.

Күреңнің мәре сызығын бірінші боп кескеніне көзі жеткен Түке жанындағы күшігендей күжірейген зор жігітке:

– Ананың атын ұста. Жұрт алдына жерге қаратты-ау, – деді де, төмен тұқырайған күйі ел арасына сіңіп кетті.

Райымбек ұранынан жаңылар емес. Қамшысына көйлегін байлап алыпты. Жалп-жалп ұшқан шүберек екпінге екпін қосқандай.

– Бұл қайсыңның күшігің? – деп дауыстады әлдекім. – Сасық көкектей өз атын өзі ұрандағаны несі?!

Осы сөзді естіген үш-төрт әумесер жігіт тебініп қалып Райымбекті қуа жөнелді.

– Мынау құрық көрмеген құлын асау кім? – деді қарлыға дауыстаған Әлмерек би.

– Сүйегі – Алжан, бабасы – Сырымбет, атасы – Қангелді, Түкенің ұлы, – деді көп ортасынан біреу.

– Жеті бабасын жерге қаратқан тентекті алып келіңдер мұнда!

Бұл екі ортада Түке жіберген жігіт Күреңді жетектеп, манағы әумесерлер Райымбекті жаяулатып алып келді. Он екі-он үш жасар қалың қасты, ер мұрынды бала көзінен от шашып, жан-жағына тайсалмай қарайды. Түтіп жердей боп түйілгендер түрлері түтігіп, бір сәт тыныштала қалды. Осы кезде оң қолын көтерген Қабай қарттың зор дауысы естілді.

– Оу, халайық! Дүрілдемей сабамызға түсейік! Сабыр түбі – сары алтын. Мынау ел Қангелдінің немересі, Түке батырдың ұлы кіп-кішкентай Райымбектің өз есімін ұран еткенін ерсі көріп тұр. Баланың аты – бала. Бір тентектік кеткен шығар. Бауырым қазақ бастан өткермеген жәйт, – деді бабымен сөйлеген қария. Қалың жұрт әңгіменің ауанына құлақ тігіп, үнсіз тұр.

– Бұл тірлікті мен көргенсіздік деп ұқсам да, мұнда үлкен сыр, ой салатын, түйсік тудыратын, ақылға салып, ой қорытатын түйін жатқан сияқты, – деді Қабай сөзін белгісіздікке бұрып. Осыған дейін шыдап тұрған көп көпір бұзған ағын судай ағытылды да кетті.

– Иә, онда тұрған не бар екен?

– Баланың ойыны – бақсының жыны.

Дау өршіп бара жатыр еді, ортада тұрған Әлмерек би:

– Сөзін аяқтасын, – деп елді ишараға шақырды. Үлкен сыйлайтын жұрт күңкілдесіп барып тоқтады.

– Айтпағыңды жалғастыр, – деді ол Қабайға бұрылып.



– Ау, ел тұтқасын ұстаған билер, батырлар, аузы дуалы абыз ақсақалдар, маған мынандай ой келіп тұр. Мәселен, біз кіп-кішкентай баланың өз есімін атауын теріс қылық деп тұрмыз. Дүниеде адам еркінен тыс күш барын неге аңдамаймыз? Айтайын дегенім, игі жақсылар, бала оны қайдан білсін. Алла аузына салып, айтқызып тұрған болар. Қос иығындағы періштелері демеген шығар. Демек, Түкенің Күреңінің көмбе сызығын бірінші болып өтуі – ұлы күш – Алланың ісі емес пе екен?! Айналайын, ағайын, болайын деп тұрған тұлпардың алдын кеспейік. Уа, Абыз! Жаза бассам, ғафу өтінем. Жас ұланға бата беремін десеңіз, өз тілегіңіз.

Қайыру бермеген жұртты осылайша жіпсіз байлап Қабай қарт сөзінің аяғын Әлмерекке әкеп тіреді. Аталы сөзге бас имеске шараң жоқ. Жұрт ақсақалына қарап еді, қабағы ашылып, қолын жая бастаған екен.

– Тізеңді бүк, балам, – деген үн естілді.

*– Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың Қызыр болсын!
Алаштың ұланы бол!
Қазақтың ұраны бол!
Аллаһу-акбар.*

– Әумин! – деді жанары жасқа кептелген Түке. – Әй, тентек-ай, бірнәрсені бүлдіріп жүрмесең Райымбек боламысың.

Бұл тойдың бар айтар әңгімесі Райымбек болды. Жұрт ауыл-ауылына қайтып жатқанда да оның есімін аузынан тастамаған. Қайсар ұлының арқасында Түкенің де аты ауызға ілінді.

Ел ішінде Түке жайында айтылып жүрген мынадай бір оқиға бар екен. Түкенің әкесі Қангелді – бұл өлкенің ыстығына күйіп, суығына тоңған Албанның Алжан тармағынан шыққан атақты батыр. Халқына қалаулы, еліне елеулі ерлердің негізгі мақсаты – ел шетіне жау келсе, жұртын жинап қарсы шауып, қан майданда қорғап қалу.

Әрине, ұрпағының да өз жолын қуып, найза ұстап, қылыш қайрағанын жек көрмейді. Қайратты, қажымас, суыққа тоңбайтын, ыстыққа күймейтін, шыдамды болуын қалайтыны жалған емес. Сол Қангелді қанды жорықтардың бірінен келіп, төрт ұлын сынамаққа бекінеді. Күздің ызғарлы күндерінің бірінде төрт баласына далаға төсек салдырады. Батырдың ерте тұратын әдеті, күн шықпай, таң бозарғаннан түзге шығып, ұйықтап жатқан ұлдарына жақындап келеді. Сөйтсе, үлкен ұлы Тілеуке үстіндегі жамылғысын кіндігіне дейін сыпырып тастап, төсін жалаңаштап жатыр екен дейді. Кеудесінің қалың қара қылшық түгіне жуан елі боз қырау тұрып, буы бұрқырап жатыпты. «Е, жүрегінде оты бар, өр мінезді, басынан сөз асырмайтын, жалтақтамай жауға шабар жалаң төс батыр боларсың. Ұрпағың да өр тұлғалы батыр атанар» депті.



Шым бүркеніп ұйықтап жатқан Мөңкесіне қарап: «Пау, дәу де болса осы ұлым ешкімге залалы жоқ, табиғатынан момын болар» деп топшылайды.

«Мынаның жатысы ұнамай тұр. Бір беті ашық, бір беті жабық жатқанына қарағанда, сөзге тұрақсыздау, қылт-сылты көп адам болар ма екен» дейді Дөңкені нұсқап.

Түкесі басы мен кеудесін тас бүркеп алып, белден төменгі жағын тырдай жалаңаш етіп, ашып тастапты. Қангелді батыр терісіне сыймай ашуланады. Баласына қарап тұрып: «Ұятын қымтап, әбүйірін жаппаған бұл кімге абырой әперер дейсің. Ардан, ұяттан безген біреу болады да, өркен жаймай тұрғанда басын шауып тастайын», – деп үйдегі қаруына ұмтылады. Қылышын қынабынан суыра бергенде батырдың мінезін танытын бәйбішесі ара түседі.

– Батыр, сабыр ет! Күш сенікі болса, сүт менікі. Екеуміз ұлдарымызды тең сынайық, – дейді басу айтып. Ашуы тарқамай, түйіліп тұрған Қангелді:

– Ал, сына! Кезек сенікі. Не айтар екенсің, – дейді. Бәйбіше сыпайы ғана, жылы жымыш.

– Балаларыңның бәрін жақсы сынаған екенсің. Ашудың ырқына көніп, Түке жөнінде әнтек кеткен сияқтысың. Бұл баланың басын алма, қайта таңдап жүріп, жақсы жерден қыз алып бер. Тұқымы асыл туады, ұрпағынан батыр шығады, – депті.

Сонда батыр ойланып, қылышын қынабына қайта салған екен.

Алашқы аттаныс

Қазақта «аңдыған жау алмай қоймас» деген бар. Қалмақтар дегеніне жетті. Олар қазақты қонысынан сырғытып, оқтын-оқтын шабуыл жасап, елді тонап, қырғынға ұшыратумен болды. Қарсы шыққан жасақтармен бүгін бітімге келіп алдап, ертеңінде алаңсыз жатқан ауылды опасыздықпен қайта шапты. Бейбіт елді қан қақсатуын қоймады. Ойларына келгенін істеп, әбден есірді. Секер деген жоңғар тайшысы ордасын Көкпекті аумағына орнатты. Ол өзін хан есептеп, Түргенге Қорын дегенді билеуші етіп қойды. Жалағашты Ағанас есімді қалмаққа берді. Ал Темірлік пен Көміршіге Арысты тағайындады. Осы үш кішігірім хандықтың билеушілері Секер ханға бас иді. Одан арыда Жаркент пен Көкталда Төрехан деген хан болды. Бірақ ол ешкімге бағынбады.

Күн өткен сайын қалмақ билеушілері қазақ жеріне дендеп ене бастады. Бұлар халықтан салық алып тұрды. Жетісу аймағының ханы Жолбарыс осы қысымға шыдауға тиіс болды. Кезінде ел шетіне жау келгенде жалайыр Орақ, шапырашты Қарасай, албаннан Алжан, Сырымбет батырлар қол бастап шықса, Жолбарыс хан тұсында бұл міндет Қангелді, Қапай, Қойайдар, Сатай, Бөлек, Ырыскелді, Аралбай сияқты батырларға жүктелді. Халық сыйлаған Төле би ерлеріне жол сілтеп, бағыт нұсқады. 1733–1734 жылдары Ресей патшасы Анна Иоановнаға арыз хат жазып, Жолбарыс хан мен батырлары қол қойып, Ресейге өз еркімізбен қараймыз деген ұсыныспен Аралбай батыр бастаған елшілерді екі рет аттандырды. Ресей патшасы «қазақтың бұл аймағы бізге өз еркімен қосылады» деп, Жолбарыс ханға мол сыйлық жіберіп, «жоңғарлардан азат етеміз» деген уәде беріп қайтарады. Бірақ көп уақытқа дейін патша сырғақтап жүріп алады. Бұл екі арада 15–20 жылдай уақыт өтіп кеткен еді. Қораланып алған басқыншы қалмақтар жергілікті халыққа күн көрсетпей, ту десе түкірігі жерге түспейтін билеуші атанды. Бас көтеріп, қарсы тұрғандарды найзаға шаншыды, қылышпен турап, ат құйрығында сүйретті.

*Ерегессең менімен,
Талан қылып малыңды
Шауып алып малыңды,
Құл қылармын жаныңды, –*





деген азалы жырдағыдай қалмақтың туы биіктеп, кеудесін соғып тұрған кезең еді. Халықтың ызасы шоқ болып қызарып, от болып жануға жақындады.

Осы бір сәтте қаракерей Қабанбай батыр бастаған әскер қалмақтарды қазақ жерінен түре қуып келе жатқан-ды. Одан халық та хабардар еді. Қангелді бастаған жасақ оңтайлы сәтті күтті.

Райымбек бұл уақытта Көкойнақтың әуресімен жылқышы атанған. «Жақсылық болса ішіндемін, соғыс болса басындамын» дегенді ұғып, жорыққа дайындалу үстінде болатын. Көкойнақ бесті жараған. Айтқанды адам сияқты түсінеді. Әсіресе, жата қалып, бұқпантайлап алдыға қарай жылжыған сәтін көрсең. Нағыз батырдың пырағы.

Райымбектің ертеден қара кешке дейінгі ермегі – соғыс өнері. Өзі қатарлы жастар жағы бойкүйез, керенау болып көрінген-ді. Бір-екі рет мұны байқап қалған ол алғашқыда сыр бермеген. Сөйтсе, бұл дәурен күннен-күнге созылып бара жатқан сияқты. Күнделікті барып кел, алып келден асар емес.

Бірде егделер жағы жылқы бағымға кеткен сәтте Райымбек он шақты жігіттің басын құрап алды. Әдетте, түнгі бағым жастар жағынікі. Қабағына мұз қатып, қара бұлттай түнерген Райымбек теңселе жүріп, сөз бастады.

– Уа, ағайын! «Бес жас – бел құрдас, он жас – ол да құрдас» демекші, жас болсам да айтарымды айтайын деп отырмын, – деді сөзін салмақтап. – Осы сендердің қандай ойларың бар? Жау жар астында жатыр. Оң мен солыма қарасам, былқ етер түрлерің жоқ. Бұлай тірліксіз, әрекетсіз отыра берсек, ақ семсердің жүзі қайтып, ақ сауытты тот басып, қалмаққа құл атанбасымызға кім кепіл. Тірі жан емеспіз бе?

Жағалай отырған топ үнсіз. Сілейіп қалыпты.

– Бейбіт күн неге жаман болсын, егер көңілің жай, өмірің сай болса. Ал туған жеріңді жау жайлап жатқанда, уайымсыз ұйқы кімнің теңі?

– Не істеуіміз керек? – деді Биқұт атанған жігіт.

– Сол сұрақты өзіңе қойсам, не дер едің?

Жігіт тұтылып қалды.

– Райымбекке ілесіп біз де соғысқа дайындалуымыз керек, – деді Баубек.

– Олай десеңдер, қылыш қынында, садағың мойныңда, шоқпарың беліңде, найзаң қолыңда болсын, жігіттер. Жігітке жүз өнер де аз... Қалмақ та екі аяқты тірі пенде. Бірақ аты – жау. Жауды аяуға болмайды, – деді Райымбек.

Сол күннен бастап жылқышылар қосы ер ордаға, маңайы майдан даласына айналған. Райымбек әкесі Түкеден көрген әскери айла-әдістердің бірін қалдырмай үйретуде. Жігіттер осы бір алып тұлғалы дүлей күш иесінің әрбір қимылын қалт жібермеуде.

– Жау сені аямайды. Қателессең, қағып түсіреді. Адамға екі өмір берілмейді. Ал жаудан қашып өлген мен тайталасып өлгеннің арасы жер мен көктей. Ел, жер үшін қан майданда көз жұмды деп ұрпағың үлгі тұтады, – деп рух беруді де бір сәт ұмытқан емес.

Тағы бірде жас батырдың жігіттерге айтып жатқан осындай уағызын Сәді қарт естіп қалып, көзіне жас алған.

– Тектінің ұрпағы тегіне тартпай қоймайды деген осы. Мұның да іші қан жылап жүр екен ғой. Талабыңа нұр жаусын, – деп тілеген.

Сонда жігерленген жігіттердің:

– Қалмақтың біреуі айдалада кездеспейді екен. Басын найзаға шаншитын, – деген сөзі де естіліп қалған.

– Менің тұлпарым Көкойнақ сияқты қалмақтың атын шалып құлатады да, мен қылышпен шауып, басын домалатамын, – дейді бірі.

– Ал мен найзамен шаншыр едім, – дейді екіншісі.

– Құдай садағымның жебесіне қуат берсін, – дейді үшіншісі.

– Шоқпар да қажет қару. Тақымынан қағып жіберсең, ат жалын құшып, өкіріп құламаса, маған серт, – дейді дөй қара Бекбау. Осылай дуылдап отырғанда Сәді қарт жақындап келген. Бәрі жалт қарасты.

– Әй, жігіттер! Қыр астындағы қалмақтың нояндары жекелеген ауылдардың жылқысын барымталайтын әдет шығарыпты. Түн бағымда сақ болғандарың жөн. Ескертпек болып әдейі бұрылдым, – деп тосын хабар жеткізгенде Райымбек бастаған жылқышылар өршеленіп салды.

– Намыс дегенді ұмытқан жоқпыз. Келмейді-ау солар. Ит терісін басына қаптар едік, – деді Биқұт.

– Босқа жатпай, шапқан жауға қыр көрсетіп, біздің де қару ұстап, қарсы тұрар жұрт екенімізді көрсеткеніміз жөн-ау, – деді ылғи астарлап, мысқылдап сөйлейтін Бекбау.

– Қыр көрсетсек дейсің. Әйел де жаудың жағасынан алады. Онан да басын шауып, қарнын ақтарып, көзін ойып, көрден іздетеміз демейсіңдер ме? – деді шырт ете түскен Райымбек. Бекбау сасып қалды. Міңгірлеп әлдене деген болды.

– Әй, батырлар, жау өздерің айтқандай бозөкпе, ынжық емес. Олар да адам баласы. Кім оп-оңай өле қалуға құштар дерсің. Жан тәтті, – деді Сәді қарт бір жағы сақтандырып, бір жағы жігерлендіре.

– Дұрыс айттыңыз, ақсақал! «Еркек тоқты – құрбандық». Жауды құртпай тынбаспыз, – деді Райымбек.

Сәді қарттың тосын хабары жігіттерді ойландырып тастаған еді. Бағым ауыстырарда, күні кешегідей емес, қару-жарағын сайлап, шоқпарын беліне байлап, құдды жауға аттанардай қамданды. Бірі болат қалқанын ілсе, енді бірі имек садақтың адырнасын тексеріп көріп, қорамсағындағы жебелердің кірісін түстеді. Қызыл іңірде тау қойнауындағы көк майсалы өңірде жайылып жүрген жылқыларға жетті. Ел таудың жонындағы

жетілген көкті бітіріп, етекке түскенше осы бір бетті жайлап, күздеуге дейін біраз тыныстайтын әдетімен орнынан қозғалмай отырған.

Құдайға шүкір, Сәді қарт айтқандай, әзірге жағадан алған жау байқалмайды. Сай табанында қалың жылқы жусап жатыр. Ауық-ауық адасып, кейде ойнап кеткен құлындарын шырқырап іздеген мама биелердің кісінегені болмаса, бөгде дыбыс жоқ. Баубек бастаған үш-төрт жылқышы сайдың арғы беткейінде. Биқұт бас-көз болғандар сай аузында. Райымбек етбетінен түсіп, шөп тістеп ойға кеткен.

Бір кезде сонау биіктен байғыз үн қатты. Дауысы мұнша зәрлі болар ма, текті құстың. Төменнен қызғыш дыбыс берді. Ұлардың қоңыр үні шартарапқа тарады. Беткейге өрмелей өскен тобылғы түбіртектері зорайып, жорыққа шыққан жау сарбазы сияқты сұс танытады. Ай туа қоймаған. Қиыр бетке енді-енді түс бере бастаған ақ шапақ сүйінші белгі ғана. Есесіне жұлдыз атаулы көкке шашып тастаған лағыл тастардай жарқырайды. Құс жолы айқындала түсіпті. Таудың салқын самалы ақырын ғана жүз сипайды.

Кенет биіктен тас домалап түсті де, сай табанына жетті. Ұйқы аулына беттеп бара жатқан екі-үш жігіт бастарын көтеріп алды.

– Түнде жүрген аң шығар, – деді бірі.

– Адамның аңы болып жүрмесін.

– Пау, сен де жоқтан өзгені айтып... Сәді ақсақал айтты екен деп қалмақ біздің жылқыны шаппас.

Дау аяғы құрдымға кетіп, сәл-пәл тыныштық орнағаны сол еді, қиыр беттен «байғыз» белгі берді.

– Әй, жігіттер, біздің «байғыздардың» ескертуі маған күдік әкелетін сияқты, – деді Райымбек орнынан тұрып. Сөйткенше сайдың қарсы бетінен «үкінің» қорқынышты үні үш рет естілді. Бұл жау жақындағанын хабарлап тұрған Баубек еді. Олар жаудың барын сезсе, бір-біріне осылай белгі бермек болып келісіп алған.

– Қалмақ әскері түнде жорыққа шықпайды. Мыналар барымташылар, – деді Райымбек. – Көкесін көрсетейік.

Сөйткенше Биқұт «үйрек» боп барқылдады. Мұнысы «мен де хабардармын» дегені еді.

– Қайткенде ортаға енгізіп алып ұру керек. Аттың жалына жабысып жақындайық та еңкейе жүріп, тақымнан қағайық. Бір-бірден белгілеп алыңдар. – деді жас батыр әмірін қайта-қайта сыбырлап айтып.

Бұрында айтылып жүрген бағдар бойынша үш топ бір-біріне баяу жылжып келе жатты. Сөйткенше әлдекімнің қалмақша «жылқы баққан ешкімді көрмей тұрмын» деген қарлығыңқы үні естілді. Райымбек тізгін тартып аялдады да, арттағыларға «топқа қосылыңдар» деген белгі берді. Өзі «шақырылмаған қонақтардың» әрекетін бақыламаққа ыңғай білдіріп, демін ішіне тартты.



Қалмақтар он бес қаралы екен. Бәрі де сауыт киіп, найза ұстап, садақ асынып, жаугершілік қалпын сақтапты. Жан-жақтағы ауылдардың жылқысын шауып, әбден дәндеп алса керек, бейқам. «Басынған жаудың басын алу керек. Барымташылардың санын толық білгенше әрекет етуге болмайды», – деп ойлады Райымбек.

Ет пісірім уақыт өтті. Қалмақтар да орнынан аттап баспады. Кейбірі аттан түсіп бойын жазып, қайта мінді. Екі-үшеуі қалың жылқыны шолып оралды. Райымбектің жігіттері тиіспеді. Өйткені жылқышы атаулы жоқ дегізу керек. Райымбектің ойынша, қалмақтар жылқыны ай шыға айдауға бекінген сияқты. Айтқаны айдай келді.

Сәлден кейін дөңгелек ай таудың найза өркештерінің арасынан бұлқынып шығып, жұлдызды аспанға өрлей жөнелді. Бұл кезде Райымбек бастаған он жылқышы топтанып дайын тұрған.

– Айқайсыз, дыбыссыз артынан ұрамыз, – деді жас батыр.

Қалмақтардың басшысы болу керек, қомақты көрінген қара алға ұмтылды. Артынан басқалары ерді. Оны байқаған Райымбек те солай ұмтылды. Жылқы ішіне тереңірек сүңгіген төрт қалмақ сайдың арғы бетіне шықпай-ақ тақымнан ұрған соққыдан ұшып түсіп, нөпір астында қалды. Бұдан бейхабар қалмақ басшысы біраздан соң артына қарап:

– Дыбыстарыңды шығармай айдаңдар. Әй, Ежен бері кел! – деп сыбырлады.

– Мә, саған Ежен, – деп Баубек ту сыртынан сойылмен ыңқита ұрды.

– Бірде-біреуі қашып кетпесін, – деп дауыстады Райымбек.

Жауды әп-сәтте тас-талқан еткен жігіттер өлгені бар, талғаны бар, он бесін санағанда өздеріне-өздері риза болды.

Шөмшек отты лапылдата жағып, соның жарығына қалмақтарды сүйреп әкеліп, тағы бір шолып өтті де Райымбек:

– Өлі-тірісін анықтаңдар! – деп әмір берді.

– Біреуі жер жастаныпты. Жетеуінің жаны тірі, бірақ жаралы. Жетеуі жүруге жарайды, – деді Баубек әрі-беріден соң.

– Өлгенін көміп тастаңдар. Қарға-құзғынға жем болмасын. Ол да жер басып жүрген пенде ғой. Обал-сауабы болады. Құдайдан ұят. Тірілерінің қол-аяқтарын тас қылып байлаңдар. Басынғанның қандай екенін көрсін. Жылқыны күзетуге екі адам қалсын, – деді жан-жағына мақтанышпен қарап, жігіттеріне сүйсінген жас батыр.

Түнгі бағымдағы жігіттер келгенде Сәді қарттың алғашқыда көзі тас төбесіне шықты. Биқұт жағалай жатқан жылқышыларды «Тұтқындарды көріңдер», – деп дауыстап оятып шықты.

– Бір ұрғаннан сұлаттым, – деді Биқұт Сәді қартқа сұлқ жатқан ұзын бойлы, тұлымды қалмақты көрсетіп. – Сан сүйегі ұсатылып кеткен шығар. Үн шығаруға шамасы келмеді.

– Мен тура көкжелкеден қонжиттым, – деді Байшұбар есімді жігіт.

– Жауды аяған жаралы, – деді Сәді қарт.

Сүмірейіп тұрған жеті тұтқынның бірі қазақша білсе керек, қарттың алдына басын иіп отыра кетті.

– Құл боп өтейін, ақсақал! Бала-шағам бар. Жанымды қи, – деп еңіреп жылап жіберді. Сәді Райымбекке қарады. Жас батырдың кектенген отты көзінен қамқорлық белгісі байқалмады.

Тұтқындарды орналастырып, ауылға барып келген Сәді қарт ойда жоқта бір тосын хабардың ұшын шығарды. Халық Қараталға жиналып, қалмаққа қарсы жорыққа аттануға бел байлапты. «Қайтсек те дұшпаннан кек аламыз, жау қолында кеткен ұл мен қызды қайтарамыз. Әйтпесе, сол жолда құрбан боламыз», – деп серттесіпті.

Шындығында, Райымбектің білетіні: мұнда, яғни қалмақтар жайлаған маңайда, ата жұртын қия алмай, көшуге мұршасы болмай қалған ұлы жүз рулары бар. Біреулері қалмақтың малын бағып күнелтсе, енді бірі басқыншылардан қалған өріс, қоныстарда аз ғана малын жайып тіршілік етеді. Кіріптар болып, алым-салық төлейді. Жағдайлары мүшкіл. Арасында талғажу қылатыны – өлкенің аңғарында, бөктерінде өскен жеміс-жидек.

Шіркін, осы өлкені жау тырнағынан арашалап, елінің игілігіне жаратса ғой. Атасынан естігені, Кеңгір өзенінің бойына қазақтың үш жүзінің басын біріктірген үлкен жиында Абылай хан: «Халқым! Қазақтың мынау керексіз деп шетке шығарып тастайтын басы артық жері жоқ. Жер жаннаты Жетісуді кімге қиярсың!» – депті. Соған қарағанда Ұлы әскер Алатауға да келе жатса керек. Оған дейін жауды әлсірете берген абзал. Осылайша өз ойына бекінген Райымбек орнынан атып тұрды да, хабар әкелуші қартқа қарап:

– Кеттім, ата, жорыққа! – деді.

– Нағашың Биеке бәсіресін әкелгенде, «Көкойнағы ат болсын, өзі жауға шабар азамат болсын» деген еді Қангелді батыр. Ендеше, сол үдеден шықтың. Жолың болсын, балам! – деп Сәді қарт батасын берді. Ойнақтап тұрған Көкойнақ көкке атылып «қош болыңдар!» дегендей, бір ишарат жасады да, тау даласының апшысын қуырып зулап жөнелді.

Әле суы тобықтан келмеген күн

Суыт жүріспен келе жатқан жалғыз салт атты дөңге шыққанда барып сәл аялдады. Төменде отыз шақты алып жұмыртқаға ұқсаған үйлері бар қазақ ауылы жатыр. Тау табиғатының қатаңдығы болар, екі-үш күннен бергі шыңылтыр суықтан сырттағы қазан-ошақ сұлық қалыпты. Әр үйдің түңлігінен түтін шығып, көк аспанға ұмтылады. Малды түнімен күзеткен еңбегіне бұлдана ма, ауыл иттері алғашқыда өре тұра келіп еді, сәлден соң үйдің күн түскен бетіне барып жата кеттісті. Ақ шаңқан үйлерден әрірек тартылған желіде төрт-бес құлынның қарасы көрінеді. Анда-санда енесін сағынып шіңгір етіп кісінеп қояды да, басындағы ноқтасымен алысады. Райымбек күрсінді. Сөйтті де үлкен желідегі жылқы атаулының бірен-сараны ғана байлаулы тұрғанын көріп, аңырып тұрып қалды.

– Аттанып кеткен екен-ау, – деді сонан соң. – Сәді қарт болмаса жылқының күйін күйттеп, жалын жалдап жүреді екенмін...

Ауылға жете беріп, Райымбек Көкойнақтың тізгінін тартты. «Ауылға қарай шаппа. Ол қаралы хабар айтушының белгісі. Баяғы базғы заманда жаумен шайқаста қолбасының әмірімен қарсыласын жеңсе ақ ту, жеңілсе қара ту ұстатып еліне жаушы жібереді екен. Ақ ту ұстап қуанышты хабар әкелгенге қыз таңдау үлесі тиеді. Қай сұлуды ұнатса, хабаршы жігіт соған үйленеді. Ал қара тудың иесінің күні қараң. Жаман хабар әкелгені үшін оны өлтіреді» дейтін атасы Қангелді батыр.

Көкойнақтан түсіп, белдеуге байлап, сегіз қанат ақ шаңқан үйге беттегенде, алдынан анасы шықты. Баласын құшақтап маңдайынан сүйді. Дастарқан жайып, қымыз ұсынды. Содан әрі ұлының әр қимылына ұрлана қарап, бақылаумен уақыт өткізді. Осыдан бірер ай бұрын көргендегісінен толысып, ширап, мұрты тебіндей бастапты. Қазіргі сөз саптауы да бөлек. Ер жігіт сияқты әр сөзін екшеп, талдап, бабына жеткізетін сабырлылыққа көшіпті. Анасының қаупін Райымбек те бір қарағаннан сезген.

– Атам алысқа ұзамаған шығар. Бағыты қалай? – деді бірден іске көшкен ол. Жауап қысқа қайырылды.

– Құлыным-ау, он алтыға да толған жоқсың ғой.

– Жоқ, апа! Атамның бұрын айтқан сөзі бар. Білесің бе, Биеке нағашым Көкойнақты бәсіреге алып келгенде «Көкойнақ ат болсын, өзің азамат бол. Өзің мен атың бірдей әдісті болып, қайратың толсын» деген, – деді Райымбек. Соңғы сөзді әдейі қосты. Бауырын айтсам босатар дегені еді.

– Атам мен әкемнің берген тапсырмасын мен де, Көкойнақ та орындадық. Жаумен шайқасуға дайынмын.

Анасы баласына сүйсіне қарады. Қарсы жауап айтпады.

– Жолың болсын, құлыным! Жауыңды жеңіп қайт! Ана тілегі осы, – деп бетін сипады.

Ауылынан ұзап шыға Райымбек алғаш рет ата-бабасына сыйынып, қарттардан естіген бата жолдарын қайталап шықты.

*Халқымды даласымен сақтасын,
Жігітті панасымен сақтасын,
Адамды өз бағасымен сақтасын.
Еліміз боп өсіп-өнейік
Бір Алла өзі бізді сақтасын!
Әумин!*

– Шаршама, шалдықпа, тұлпарым Көкойнақ! – деп күбірлеп Райымбек бетін сипады да, шаба жөнелді.

Басында шапқын жорғамен зуылдаған көк мініс сәлден соң құйындай ұшып, белең-белеңнің апшысын қуырып жөнелді. Келе жатып Райымбек «Атам мені көріп қойса, анам айтқандай, «әлі жассың» деп жауға жібермей қояр ма екен» деп ойлады. «Сондықтан атама білдіртпей сарбаздардың арасына енуім керек...»

Бірақ тереңдей алмады. Көптің ішін аралап келе жатса, өзен бойына жиналған қарақұрым ел өткел таба алмай есі шығып, ебі қашып жатыр екен. Ары-бері қарап тұрды. Содан соң:

– Ал Көкойнақ, сені сынар кез келді. Құлын күніңнен үйренген өнеріңді көрсет, – деп атының жалын тарады. Ол да құдды иесінің тілін білетіндей оқырынып қойды.

– Жігіттер, арғы жаққа мен өтемін, – деді жан-жағында тұрғандарға.

– Ағып кетіп жүрерсің. Белің қатпаған жас екенсің, – деп қарсыласты егделеу адам.

– Қыршыныңнан қиылып жүрме!

Қорғағандар да, аяғандар да, тіпті кекегендер де табылып қалды.

– Ол жағынан қам жемендер, ағайын, – деді Райымбек мінісінен түсіп. Көкойнақтың айылын босатыңқырап қайта мінді де, суға күмп берді. Жағалай тұрған ел балықша жүзген Көкойнақтың алғашқы екпінін байқап сәл тұрды да:

– Мынауың нағыздың өзі екен, – деп даурықты. Қаршадай жігіт арғы бетке өтіп, жағаны жағалап, сәл жүрді де, сәлден соң бері қарай салды.





Райымбек Көкойнаққа риза боп, сауырын сипап алды да, аса бір қиындық көрмеген жанша сарбаз атаулыға бұрылып, билеп-төстей бастады. Өлгіндегі жанкешті әрекетінен кейін олар да жас жігіттің ісіне сүйсініп, ыңғайына көніп қалған-ды.

– Әскерді арғы жағаға өткізу үшін біраз адамға қамыс пен шыбық орғызып, біразына сал¹ жасатып, жуандығын құшақ толатындай етіп арқанмен жалғастырыңдар, – деді Райымбек.

Тапсырма орындалды. Райымбек тағы да Көкойнақты ойнақтатып келіп, арқанның ұшын ұстай суға түсті де:

– Келесі ұшын ағашқа дұрыстап байлаңдар, – деп дауыстады. Осы бір жас жігіттің батыл әрекеті қалмаққа қарсы шабар қалың әскердің намысын оятып, рухтандырып жібергендей еді. Көктен түсті ме, жерден шықты ма, кім білсін, бейтаныс жігіт әп-сәтте істі тындырып:

– Ал, жігіттер! Әскер күн шықпай арғы бетке өтетін шығар. Бәрі дайын. Енді демалайық, – деді. Ел аң-таң. Судың ағысына қараса сығылысқан сең жүріп жатыр... Мына жігіт жын ба, пері ме?

Ертеңгісін бәрі аман-есен өзеннен өткен соң әскер басшылары «сәтті өткелдің» иесі кім екенін білгісі келді. Олар хабаршы жіберіп Райымбекті шақыртты. Бір сәт көк аты аспанға атылып, көп алдына шыға келген жас жігітті көргенде Қангелді өз көзіне өзі сенбеді.

– Әй, тентек-ай! Сен екенсің ғой, – дей берді. Сөйткенше Райымбектің дауысы бала қырандай саңқылдады.

– Мен Албан, оның ішінде Алжанмын. Қангелді батырдың немересімін. Атым – Райымбек!

Жағалай тұрған әскербасылар жалт бұрылып Қангелдіге қарады.

– Батыр-ау, кешеден бері бізге айтпай қалай ғана дөтіңіз шыдады. Райымбек сіздің балаңыз екен ғой, – деді. Батырдың кеудесін кернеген мақтаныш көңілін толқытып, жанарын жасқа шылады. Сөйтті де, кенет есін жиып алды. Атадан қаталдық кетсе, баладан бақ таяды.

– Ау, халайық! Елі үшін еңбек ету – ер міндеті мен парызы. Ол елдің баласы, – деді сонан соң. Қангелдінің жанында Қапай, Сатай, Бөлек, Ырыскелді, Аралбай, Бердіқожа, Ердес, Тілеуке, Барақ, Бақай, Биеке батырлар тұр еді. Бұл екі ортада:

– Өтіп бара жатқан заман-ай. Мынау жігіт сонау бір тойда бәйгеден озып келіп, шабыс бойы өз атын ұрандаған бала емес пе! Жас өспей ме, жарлы байымай ма деген осы-ау, – деді ел ішінен Райымбекті танығанына қуанған әлдекім.

– Иә, сол.

– Құдайдың ерекше өскен баласы!

– Періштесі құлағына сыбырлаған ғой, – деп шуласты жұрт.

¹Сал – терең судан өту үшін бөренелерді бір-біріне байластырып жасайтын құрал.

Осы кезде Қызыл Сөгеті жақтан бес-алты салт атты құйғытып өте шықты. Жүрістері суыт. Бұлардың ішінде қалмақпен байланыста жүрген сатқын қазақтар да бар еді. Кешегі күні Райымбектің тапқырлығымен әскердің Іледен өткенін көрген олар бас қосып, ақылдаса келіп «Қазақ әскері осы болса, қалмақты жеңіп шекесін қыздырмас. Қалмақтар көп әрі күшті. Мыналардың тас-талқанын шығарады. Түргендегі Қорынға хабар берелік. Олардың сеніміне кірсек, бізді елеп-ескеріп, қазаққа билеуші етеді» деген арам оймен хан ордасына тартып бара жатқан беті еді.

Тосын хабарды естіген қалмақ ханы бірінші бас уәзірі, әскердің қолбасшысы Серкені шақырып алып:

– Мына иттер не деп оттап жүр. Сен жаныңа адам алып жағдайды біліп кел, – деп шұғыл аттандырады. Уәзір хабаршы сатқындардың айтқанына көзі жетіп таң қалады. Қайыңдай қайысқан мол әскердің сең жүріп жатқан шақта Іленің суынан өткені адам ойламаған жай ғой. Оның үстіне Қорын ханның Әжіке деген сенімді жылқышысы Серкеге:

– Тақсыр, мен жасымнан тұлпар бағамын. Көп сәйгүлікті сынап та көрдім. Бірақ мына жас батыр мінген жылқыдай атты кездестірмеппін. Тура қанатты тұлпар дерсің. Балықтай жүзіп жүріп, қалың әскерді өткізген сол, – деп көргенін айтып, уәзірді сендіреді. Мұның бәрін Серке Қорынға келіп баян еткенде:

– Сен қазақ батырымен ауыз жаласқандай сөйлейсің. Ым-жымың бір болмаса не қылсын! Қазақтың сол жас батырын тірідей ұстап әкеліп, екеуіңді бір күнде дарға асамын, – деп Қорын хан терісіне сыймай ашуланады. Сөйтіп Серкенің жанына ергендердің бәрін өлтіріп, өзін зынданға салады.

Осыдан соң Қорын қолбасшыларын жинап алып, екі күннен қалмай қазақ әскеріне қарсы шығуды тапсырды. Онымен қоймай, қалмақтардың бас ханы Секер ханға хат жазды. Онда қазақтардың күл-талқанын шығарып, аяғына таптайтынын айтып, мол байлық үшін қазына үйін дайындауды өтінді. Сөйтіп, қатаң әмір беріп, қазақ әскербасыларына елші жіберді. Қалмақ ханының қойған талабы сиырға ер-тоқым ерттегендей келеңсіз еді. Олардың айтуынша, қазақ қолы қырылмай тұрғанда түп-түгел аттарын тастап, жүз адамнан бес адамды құлдыққа беруге тиісті екен. Әйтпесе, Қорын қазақтардың бір адамын да тірі қалдырмайтын көрінеді. Бұл мәлімдеме қазақ сарбаздарының ашу-ызасын тудырды.

– Қасықтай қанымыз қалғанша айқасамыз, – деп кектенді олар.

Қазақ әскері де Қорын ханға өз талабын қойды. Олар тез арада қонысты босатып, тұтқындағы қазақтың ұл-қыздарын қайтаруды, елге опасыздық жасағаны үшін айып тартып, жауап беруді ескертті.

Кенет Райымбек дұшпанға көз қылды ма, кім білсін, Көкойнақтың тізгінін тартып еді, көкке атылған тұлпар елшілердің үстінен қарғып өтіп, арғы жағына бір-ақ түсті. «Қонақтар» алды-артына қарамай зытты.

Кешке әскербасылар жиналып, ертеңгі күннің жоспарын талқылады. Райымбек те сөз сұрап, өз ойын баяндады.

– Олар қазір құр жатқан жоқ, жан-жақтағы қалмағын жинап, шабуылға дайындалып жатыр. Қайткенде олардың жоспарын білу керек. Мен Қорынның әскерінің ішіне кіремін. Жаныма қалмақ тілін жақсы білетін екі адам қосыңдар, – деді.

– Балам-ау, мынауың көзсіздік қой, – деді Қангелді. – Жауды менсінбеуге болмайды.

Райымбек алған бетінен қайтпады.

– Қорқатын болсақ, несіне соғысамыз. Бір жөнін табармыз. Жаңағы екеуі қалмақ киімін кисін. Ат-тұрманы қалмақша болсын. Қалмақтың айдары, қара қалпағы, тұлымы еш сезік тудырмасын.

Сөйтті де аз уақыт ойланып, әскербасыларға қарады.

– Шеп құрған әскер майдан даласынан кетпесін. Қаруы сай, шабуылға дайын тұрсын. Мен ханды өлтіріп, туын жыққан сәтте «Райымбек!» деп ұран тастаймын. Сол кезде сендер де ұрысқа кірісіңдер.

Амал жоқ, бәрі осыған келісті.

Таң бозынан Райымбек бастаған «қалмақтар» жау қосынына кірді. Мысықтабандап, сары ала ту ілінген Қорын ханның шатырына жақындап келді. Найзаға сүйенген сақшылар бір сәт мызғып кетіпті. Енді бір күзетші бұларды киімдеріне қарап, қалмақтың өз батырлары деп ұғып, селт етпеді.

Шатыр ішінен әлдекімнің гүжілдеген дауысы шығып жатты. Жанындағы Бүйембай бұл сөзді қазақшалап сыбырлап Райымбекке жеткізді.

– «Мына ажал айдап келген қазақтарды қоршап алып, тұрған жерінде қыру керек. Ешқандай аяушылық болмасын. Алғашқы олжа хандікі. Одан кейінгісі әскер басшыларынікі. Қалған мүлік – сарбаздардікі. Әркім олжаға түскен адамын құл қыла ма, өлтіре ме, еркі өзінде. Іштерінде Райымбек деген жас ұлан бар дейді. Соны тірі ұстап әкелгенге мол қазына беремін. Бұларды қырып болған соң, елін шабамын. Ұлын құл, қызын күң етемін» деп жатыр, – деді барлаушы серігі Райымбекке.

– Дайындалыңдар! – деді ашуға булыққан ол. Мінісін тебініп қалып «Райымбек» деп ұран салып, Қорынның үстіне кіріп барды. Ханның басын допша домалатты. Ту түбіндегі күзетшіні Бүйембай жантәсілім етті. Әскербасылар қашқанмен, қылыштың жүзінен құтылмады. Осы сәтте қазақ қолы да шабуылға көтерілген еді. Қорын өлген соң басшысынан айырылып, туы жығылған қалмақтар бет ауған жаққа қаша жөнелді. Қырғидай шүйілген қазақ қолы басқыншыларды қуып жүріп қырып, кешкісін сан мың тұтқынды алға салып кері оралды. Бұл екі ортада топ тұтқынның ішінен біреуді жетектеген Бүйембай Райымбек батырға жақындап келді.



– Мына қалмақты темір тордан алып шықтым. Ханына жазықты екен, – деді ол. Тұтқын тізесін бүгіп, иіліп отыра кетті.

– Мен Қорынның бас уәзірі едім. Торға түсуіме қазақ әскерін Іледен өткізген Райымбек деген себеп болды, – деді тұтқын. Өзінің аты естілгенге жас жігіт елең етті.

– «Сенің Райымбекпен ым-жымың бір. Іледен өту мүмкін емес. Жалған айтып тұрсың. Райымбекті тұтқындап әкелгенше осы торда жатасың. Екеуіңді бірге дарға асамын» деп Қорын мені зынданға салды. Сол жас батырды бір көрсем деп едім, – деді тұтқын.

– Әй, батыр, шыныңды айтқаның үшін бек ризамын. Бүгіннен бастап менімен бірге тудым деп есепте. Бұрынғы атың қалмақ Серке болса, енді қазақ Аманжолсың. Бұдан былай кеудемізден жанымыз шыққанша екеуіміз бірге боламыз.

Жас батыр осыны айтты да:

– Аманжолға тұлпар мінгізіп, сауыт-сайман әкеліңдер, – деді.



Алашқы Жекпе-Жек

Қазақ жерін қалмақтардан босатып, шығысқа аяқ басқан қалың әскер Жетісуды да жаудан тазартуды ойлаған. Сол себепті де Алматы, Талғар маңына келіп жеткен. Төбенің үстінде тұрған Қабанбайдың бір байқағаны, қалмақ жайлаған мекенде бірқыдыру қазақ ауылдары бар екен. Олар ауыр алым-салық төлеп, кіріптарлықпен күн кешіп жатқан көрінеді.

Үш-төрт жылдың әрі-берісінде Жетісу жасақтары да қарап жатпаған сияқты. Өзінен хабаршы келгеннен бері досы Қангелді батыр жалын күдірейтіп, жауға қарсы шығыпты. Жеңістері де ауыз толтырып айтарлықтай. Естуінше, Жетісу әскерінің бір жасағын Қангелді батырдың немересі Райымбек бастап жүр екен. Кейінгі шайқастарда үлкендер балапанын баулыған қырандарша жастарға ерік беріп, өздері сырттан бақылап тұратын болыпты.

Бұл уақытта Наурызбай мен Тілеуке батыр бастаған қол Іленің бойындағы қалмақтарды шабуға кетіп, мұндағы Қангелді жасағында бар-жоғы алты мыңдай сарбаз қалған. Дегенмен, сан жағынан да, ерлік жағынан да қазақтардың кеудесі көтеріңкі.

Қалмақ нояндары да қамсыз емес сияқты. Бүгін, міне, Секер хан қазақ әскерін бес мың қолмен күтіп алып тұр. Қалмақтар жекпе-жекті қалайтын көрінеді. Қаптама шабуылдан қауіптенетін сияқты. Қалай дегенде де сақтық керек.

Қазақ әскері жүрісін бәсеңдетпей, екпіндеген күйі таяу келіп, қалмақ қолына жарты шақырым қалғанда түзем құрды. Дабыл қағылып, керней тартылған шамада қарсы жақтан сүліктей қаратөбел ат мінген дәу қалмақ ортаға ойқастап шыға берді. Найзасын бұлғап, сайысқа шақырды. Бұл Секер ханның өзі еді.

Жорық туын Қангелді көтерген. «Қане, кім жекпе-жекке шығар екен?» дегендей, жан-жағына қарады. Батырлар бірінен соң бірі келіп, кезек сұрады. Сөйткенше, астында көк аты бар жас жігіт шауып келді де, қарғып түсіп, Қабанбай батыр мен Қангелдінің алдына бір тізерлеп отыра қалды.

– Түнде көрген түсімде қолымдағы тұйғыным дуадақ іліп жүр еді. Осыған көрінген шығар. Маған мұрсат етіңіз, көкелер, – деді екі қолын бірдей жайып.





– Шырағым, балам-ау, ана неме гүжбан¹ көрінеді. Тіс қаққан үлкендердің бірі шықса қайтеді, – деді Қангелді абыржып. Қазақтың бас батыры жігіттің жанарынан қайтпас қайсар намыс отын көріп іштей разы болып тұрған.

– Аруақ аян берген ғой. Арқасы бар екен... Баланың меселін қайтармайық, – деді Қабанбай Қангелдіге бұрылып.

– Онда ақ батаңды бер, Дарабоз! Менің Райымбегім де өзің сияқты ақжолтай батыр, даңқты қолбасшы болар ма екен?!

Қабанбай батыр бөгелген жоқ. Ат үстінде тұрып екі қолын алға соза берді.

– Жортқанда жолың болсын! Жолдасың Қызыр болсын! Қарсы келген жауыңа бет қаратпас боран бол, қайқая шапқан еліңе қайрат берер ұлан бол! Жауыңның басына жай түсіріп, абыроймен қайт, балам! Алаштың ұланы бол! – деп бетін сипады.

– Әумин! Аузың періштенің аузы болғай, – деді Қангелді.

Жасы жиырма бірге еркін іліне қоймаған жас пері тықыршып әрең тұр екен. Көкойнаққа қарғып мініп, бес қаруын сайлап алды да, ұрыс алаңына қарай ағыза жөнелді. Жай шапқан жоқ, «Райымбек, Райымбек!» деп ұрандатып барады. Қангелді бас батырдан ыңғайсызданып қалды.

– Әй, мына күшік қайтеді, ей, – деді...

– Ештеңе етпейді. Бір кезде Абылай да өз атын өзі шығарған, – деді Қабанбай. – Қайдан білдің, аузына Құдай салып тұрған шығар. Бәлкім, Албанның ұраны Райымбек болар.

Бұл кезде Райымбек қалмақ батырымен айқасып та кетіп еді. Басқалар сияқты кезек те сұрасқан жоқ. Салғыласып та жатпады. Барған бойда қылыш айқастырды. Үйелмендей қалмақты найзамен ілу қиын боларын сезіп, жеңіл қаруды әдейі таңдаған сияқты. Райымбек қарсыласын өз дегеніне көндіріп, тықсырып әкетті. Егер атағы бар, егде батырлар бұлай дүрсе қоя берсе, әбестік саналар еді. Жас жігітке бәрі жарасқандай.

Секер хан жасы елуден асқан, етженді, толық адам екен. Жас батырдың үсті-үстіне шабуылдаған тегеурініне шыдамай, әрі-беріден соң алқынып қалды. Тек әдісқой әккілігімен зорға төтеп беріп жүргендей. Оның үстіне, найзадан қорғанамын деп, қос қабат сауыт киіп алған екен, ауыр киім еркін қимылдауға жібермей жүр. Үйеңкінің түбінде зор қалмақтың қасында ұзын бойлы Райымбек тіпті баладай болып көрінеді. Екеуінің сайысы бұрылуы қиын көкжал мен қимылына көз ілеспес шалымды құмайдың арпалысын еске салар еді. Қалың қол бір сәт ұран шақыруын қойып, іштен тына ұрыс алаңына көз тігіп тұр. Бір кезде қалмақ батыры Райымбекті тықсырып бара жатқан сияқтанды.

¹Гүжбан – жуан, дәу.

– Апырай, қайратын артқа сақтаған мына әккі неме жас баланы жазым етпесе жарар еді! – деді Қангелді шыдай алмай. Бар жаны Райымбектің үстінде. Өзі сайысып жүргендей, ат үстінен ұшып кете жаздап, немересімен бірге қисайып, бірге түзеледі. Қабанбай күліп жіберді.

– Қанеке, уайымдама!.. Байқайсың ба, Райымбектің қимылы еркін, тынысы әлі кең жатыр. Қазір-ақ жауын жайратады, – деді оны жұбатып.

Қазақ жағынан тағы да ұран көтерілді. Өйткені бұл кезде жас батыр қайтадан күш алып, шабуылды үдете түсіп еді. Алдаспандар көк жүзінде айқаса өріліп, от ұшқындап, жалын шашқандай болды. Осындай бір кезекті шабуылда Райымбектің қылышы оқыс жарқ етті де, Секер ханың қолындағы қару ұшып кетті. Іле-шала оның өзі де ат жалын құшып, бір жағына қарай ауып бара жатты... Көптен бері қазақ ұранын естімей кеткен Алатаудың күз-жартасы:

– Я, аруақ!

– Абылай – Абылай!

– Қарасай – Қарасай!

– Қабанбай – Қабанбай!

– Райымбек – Райымбек! – деген есімдерді біраз жерге дейін жер-көкке жаңғыртып, қайталап тұрды. Қалмақтар басшысы кеткен соң табан тіреп соғыса алмады... Бас сауғалап, сай-сайға сіңді... Дені жер құшты.

Қабанбайға қазақ әскерінің тегеуріндігі ұнады. Сол бір ұмтылыста жауына деген кегінің, көрген азабының, қорлығының уы жатқандай еді. Қарсы шыққан жауының әділетсіздігін қанмен жуып, ұранын ту етіп алға ұмтылып барады.

Қангелді өз қосынында көк қасқа сойып¹, немересі Райымбектің алғашқы жекпе-жегінің жоралғысы етіп, қонақасы берді. Таяу уақытта жас жігіттің есімі жалпақ елге жайылып, аруақты батыр атанатынына ешкімнің күмәні қалмаған.

Осы жерде Қангелді:

– Әу, Дарабоз! Бір сөз айтсам, келісер ме едің, – деді. Қабанбай құрдасының жүзіне таңдана қарады.

– Мен Жетісудағы қазақ қолын басқаруды Райымбек балама тапсырсам деймін.

– Құдай қолдасын! – деп бас изеді Қабанбай. Ел дуылдап сала берді.

Ертеңінде хан ордасынан Қабанбайға жаушы келді. Абылай жеңістерге құтты болсын айтып, шын қуанышын білдіріпті. Қабанбай батырға қарауындағы әскердің қақ жарымын алып Іленің оң қапталына өтуге бұйырыпты. Қабанбай бұдан ары бөгелген жоқ. Досы Қангелдімен құшақтасып қоштасып, жорықты жалғастырды.

¹Көк қасқа сою – құрбандыққа ірі мал шалып, құдайы беру.

Абылайдың ақ ордасында

Жетісудың таулы аймағында Қангелді, Наурызбай бастаған қазақ әскері жоңғарларды түре қуып біраз елді мекенді босатқанына қуанған Абылай хан Аякөз өзенінің төменгі сағасына ордасын орна-тып, ту тіккен. Жан-жаққа хабаршы жіберіп, әскербасыларын кеңеске шақыртқан.

Балқаш жағасына Арғын, Найман ұлыстарынан екі түмендей қол жиналды. Наурызбай, Қангелді, Бердіқожа, Тілеуке батырлар Абылайдың ақ ордасына күні кеше келіп аттан түскен. Бұл уақытта Абылайдың жау шебіне аттандырған шолғыншы-жансыздары да қалмақтың қай тұста қанша әскері барын білу үшін жанталаса әрекет жасап жатты. Өйткені, бәрін анықтап алған соң ғана шабуыл бағытын белгілеу керек.

Ептеген деректерге қарағанда Қаратал, Ақсу алабындағы біренсараны болмаса, қалмақтардың іргесі әлі сөгілмепті. Төреханның, Ағанас пен Арыс ханның әскері ө десе, мә деуге дайын көрінеді. Бұған қазақ әскерінің Қангелді тобы бөлінді. Ал Іленің оң қапталы мен Алакөл арасындағы ұлан-ғайыр өлкеде Арғын мен Найман жасағы ұрыс салатын болды. Бұл майданға қолбасшылыққа Бәсентиін Малайсары батыр белгіленді. Қаракерей Қабанбай екі майданды үйлестіретін бас сардар болып тағайындалды.

– Биылғы шабуыл, иншалла, жоңғар қалмақтарына қарсы ең соңғы шешуші айқастың бірі болады, – деді Абылай кеңес аяқталар сәтте. – Біздің мақсатымыз – бұрынғыдай ойраттарға тиіп-қашып соғысып, олжа алып қайту емес, қазақтың ең даласын жаудан тазартып, енді қайтып же-рімізге бас сұқпайтындай ету. Осыны ұғыныңдар, жігіттер!

Кеңес аяқталып, әр елден келген қолбасшылар қонақасы ішіп, жан-жаққа тарай бастаған. Бұл жиынға атасы Қангелдіге еріп Ра-йымбек те келген. Бірақ үлкен тұрып кіші сөйлемес, кеңестің қызу шағында жұмған аузын ашпай, кейіндеу отырды. Хан Абылайға көз астымен ұрлана қарап, сөзіне де, келбетіне де сүйсінді. Басына киген зерлі айыр қалпақ пен екі өңіріне, жаға-жеңіне зер тұтқан жібек ша-пан өзіне жарасып, айбынын асқақтатып тұрғандай. От шашқан өткір

көздері, шалғысы тоқ қара мұрты өзіне құйып қойғандай. Ақсұр жүзі құқыл тартып, баппен сөйлейді екен. Әр сөзі мірдің оғындай, ойлы, нақты, кесіп түсер қанжардай.

Шынында, хан ордасы басқа үйлерден бөлек тігілген, еңсесі де биік екен. Шіркін, ханның батырларды қарсы алуының өзі қандай ғаламат десеңші. Келген жұртты төлеңгіт-жасауылдар қарсы алып, құрмет көрсетіп жатыр. Солардың бастауымен ел ордадан сәл қашықтау жердегі кермеге келіп тоқтады. Сөйткенше тағы бір топ жүгіре жетті. Бұл жасы үлкендерді, батыр, билерді қолтықтай ұстап құрақ ұшқан хан жігіттері еді. Алыс жолдан келгендерді солар алдымен қонақ үйлерге түсіріп, бел шешіп, шөл қандырып болғаннан кейін барып, ханға сәлем беріп, тілдесуге алып барады екен.

Хан ордасы бір-біріне қабыстыра тігілген қос үй. Төргісі он екі қанатты, ою-өрнекті ақ орда. Ауыздағысы алғашқыдан кішілеу, бірақ төргі үймен сәні бірдей сегіз қанатты үй. Ауыз үйдің сырт босағасын екі қарауыл күзетіп тұр. Ішке кіргендер қару-жарағын әлгілерге ауыз үйге қалдырып кетеді. Ақ орданың сол жақ бөлігіне таман алтын жалатқан аласа тақ тұр. Иесі – Абылай хан.

Ас ішкен соң жетісулықтар атқа қонбаққа кермеге беттегенде желке тұсынан:

– Ау, Қангелді батыр! Мына ойқастаған қырғиың кім? – деген дауыс шықты. Абылай ханның өзі екен.

– Уа, алдияр! Менің Түке деген ұлымды білесің ғой. Мынау содан туған немеремнің үлкені. Есімі – Райымбек, – деді.

Күні кеше көп сәлемшінің бірі болып қолын алғанда Абылай хан өзіне аса зейін қойып, түс тоқтатпаған сияқты.

– Бұл жігітке бұйымтайым болып тұрғаны, – деді хан әңгімені ары қарай жалғап.

– Айтыңыз, хан ием! – деді Қангелді аттан түсіп. Райымбек те мәселенің мәнісіне түсінбей, атасының тірлігін қайталап, Абылайға қарады. Хан жүзі күлімсіреп, Райымбекке сынап көз тастап Көкойнаққа қарай озды. Астындағы мінісіне Абылай қолқа салып тұр ма деп жас батырдың зәресі ұшты. Хан қадалса, алмай қоймайды. Әп-сәтте оқыс күдік өн бойын жайлап алды.

– Ер-тоқымы сәнді екен, – деді осы сәт хан Қангелді атасына қарап. – Бұйым сұрасам, ат иесі қарсы болмас.

Ағытылып келген аршынды орам тілге оралды. Райымбек хан алдында тізесін бүгіп, қолын кеудесіне апарып:

– Дат, тақсыр! – деді. Абылай хан бүйірі қызған тұлпардай көзі жайнаған жас жігітке қызыға, қызғана қарап:

– Даттың болса айт! – деді. Сол-ақ екен Райымбек ағытылып қоя берді.

*– Уа, хан ием.
Ер Түкеден мен тудым,
Ер болуға бел будым.
Уа, алдияр төресің,
Ер-тоқымға төнесің.
Дүние көріп тұрмысың,
Алтындаған шегесін,
Жалған айтты демесін,
Өңшең жасық бұл тобыр,
Хан айтқан соң не десін.
Айналайын, хан-бабам,
Немересіне арнаған
Астымдағы құнанкер,
Құнанкерде құранды ер.
Менің ғана бәсірем.
Шыныменен хан болсаң,
Бәсіремді сұрап көр, –*

деп тоқтады жас батыр. Осы бір сәтте Абылай хан еңкейіп келіп Райымбекті түзеп орнынан тұрғызды.

– Уа, халайық! Мына жас батыр мені жеңді. Алғашқыда алтынкүміс ер-тоқымға, ойнақшыған атына мастанған, қуыс кеуде, даңғой, мақтаншақ біреу ме деп ойлап едім. Олай емес екен. Сөзімді қайтып алдым, – деді Абылай. Сөйтті де елге бұрылып:

– Айтқан сөзің әділ екен, Қабанбай. Қангелдінің бір ұлы өсіп келеді, түбі Ұлы жүз әскерінің басы болады деп едің. Жарайсың, жігітім!

– Ұл болсаң осындай бол!

Бұл қолдаудың соңына Абылай ханның жанында тұрған Райымбектің атасы Қангелді батыр да ілесе кетті.

– Жасынан қолына қару ұстап, әскер өнеріне жаттыққан. Ендігі үмітім – осы балада... Сырттай даңқыңызды естіп, көруге құмар болып жүр еді, мінеки, сәті түсті. Ханнан кие жұғар ма екен, осы жерге ауна-тып алсам қайтеді, – деді ол қауқалақтап. Сөйткенше, Абылай хан оң қолын көтерді, ел тынши қалды.

– Райымбек ол үрдістен баяғыда кеткен. Бала емес, батыр. Ол болмаса, әскер қайтіп Іледен өтер еді, Қорын қалмақтың басы кесілер ме еді. Жаса, жас батыр. Сынады деп ханды сөге қоймассың, – деді Райымбекті жанына жақындап. Қангелді батырдың көзінен аққан жас сақалына тамып, елге көрсетпей бұрыла берді. Сонан соң «Құдайым-ау, осы күнге жеткіздің ғой, тәубе» деп күбірледі.

– Іс мұнымен біткен жоқ, – деді Абылай хан. – Батырын сынап болдық. Ендігі кезек тұлпарынікі.

Хан сөзінің соңын құшырлана айтты. Құдды бір айызы қанбаған адамның тірлігі. Бұған жас батыр Райымбек те жанып түсті. Тықыршып тұрған Көкойнаққа лып етіп мініп өнерін көрсетуге кірісті. Тізгінін тартып, тақымын қысып еді, тұлпар аспанға атылды да, түсе беріп, оң тізесін бүгіп ханға «сәлем» берді. Енді бірде зулап келіп, кілт тоқтады да, төрт аяқтап жата кетіп, еңбектей бастады. Бұл сәт Райымбек те мінісінің жалынан ұстап ерге жатып қалған еді... Ат өнерінің тамашасын аяқтап:

– Алдияр тақсыр! Жекпе-жек кезіндегі әдістерді көрсету үшін қарсылас керек, – деді қолын кеудесіне апарып. Абылай хан тағы да оң қолын көтерді. Ел сілтідей тынды.

– Жас батыр, осы өнерің де бізге жеткілікті. Тфә, тфә, тілім тасқа! Жетісу әскері енді Райымбек батырдың туының астында жеңістерге жетсін! – деді.

Райымбектің «өнерін» Абылай ханға бас сардар Қабанбай жеткізген еді. Хандікі тексеру міндеті болатын.



Жаппай қуу

Қалмақ жағының екі хандығының көзі жойылса да, басқыншылық ұстамнан қайтқысы келмеді. Соңғы шайқастан жан сауғалап Ағанас пен Арыс ханға қашқандардың жан дауысын естіп, екі хан да билеген жұртына: «Тірі жан қалмай, деміміз біткенше соғысамыз. Енді қазаққа бодан бола алмаймыз» деген жарлық берді.

Бұл кезде Жетісу жасағы бас қосып, екі соғыстың қорытындысын шығарып, алдағы істі талқыға салып жатқан. Әр қолбасшы өз пікірін ашық айтты. Алғашқы сөзді Райымбек батыр алды.

– Менің ойымша, бұл соғысты тоқтатпай, ары қарай жүргізу керек. Себебі олардың қазір күші азайған кезі. Оның үстіне әр қалмақта үрей бар. Ал біз күшейіп алдық. Қалмаққа қарсы алғаш көтерілгендегі ұстаған құралымызды, мінген атымызды еске алайықшы, – деп тоқтады ол.

– Иә, батыр, бәрі де көз алдымызда. Қазір ел қуанышта. Жау қолына түскендер қайтып келіп, ел құшағына еніп жатыр. Бірақ соғыс құрбандықсыз бола ма? Қаза тапқандардың отбасыларына жәрдем берсек. Өзің де жараландың. Сарбаздар да емделіп, тынықса. Аз уақыт қалмақпен бітім жасассақ, – деді Сатай батыр.

Ойланып, толғанып Райымбек батыр бұл ұсынысқа басын изеді.

– «Шалалығын түзеткен хан – хан болады, онысын түзетпеген хан шалажансар жан болады» деген бар. Онда Ағанас пен Арыс ханға елшілікке адам барсын. Соғысқа дайын болса, тұрар жерін айтсын, бітімге келсе, мезгілін белгілесін, – деді сонан соң.

Әскерлік міндет жағдайында туысқандық деген болмайды. Бас батыр Қангелді жанына бес жолдасын алып Жалағаштағы Ағанасқа, Қабай батыр Көмірші мен Темірлікте отырған Арыс ханға аттанды.

Сапар олжалы болды. Қалмақ хандары барғандарға ер-тоқым мен екі тұлпар сыйға тартты. «Көп кешікпей хабарын береміз» деп бұларды Көртоғайдың суынан өткізіп, қош айтысып қала берді.

Араға көп уақыт салмай, Арыс хан мен Ағанас ханның елшілері келіп жетті. Көртоғайға жақын жерден үй тігіп, екі қалмақ ханы бірігіп, қазақ батырларын келісімге шақырды.

– Бітім қонағына көп келсе, көпсінбейміз, аз келсе, азсынбаймыз. Бірақ Райымбектің келуін сұраймыз, – депті қос хан.

Соғыс тәртібі бойынша, бұл бітімге Райымбек батыр мен Аманжол бармады. Біріншіден, батыр жарасын емдетсе, екіншіден, қолбасшының

қауіпсіздігін де еске алды. Елшілік құрамына Қангелді батыр бастап, Қапай, Сатай, Бөлек, Аралбай, Ырыскелді, Қожаберді, Бақай батырлармен бірге бес жүз сарбаз барды.

Арыс хан мен Ағанас хан айыбымыз үшін деп тоғыз атанға кілем жауып, алға тартты. Тұлпар бастаған тоғыз атты ер-сайманмен жасаулап, тоғыз қызды мінгізіп, сырнайшы, бишілерін ойнатып, қазақ батырларының алдынан шығып қарсы алды. Келгендерді сыйлыққа көмді. Малдың көп сойылып семіз болғаны сонша, кейін де сол жер Майбұлақ атанды.

Сән-салтанаттың соңынан бітім шарасы басталды. Ең алдымен, екі жақтың тұтқындары: қазағы өз қазағына, қалмағы өз қалмағына қайтатыны келісілді. Қазақ мекендеріндегі жай жатқан елді шауып, тартып алған мал-мүліктер тегіс иелеріне қайтарылатын болды. Сол уақыттағы шапқында қаза тапқандардың құнын төлеу жолға қойылды. Нағыз дау жер шебін белгілеуде басталды. Қалмақтар жағы «Біз бұл жерден кетпейміз. Қанымызды төгуге бармыз» дегенді де айтып қалған. Екі жақтан шу шыққан соң, қазақ батырлары Райымбекке хабаршы жіберді. Мұны естіген бас батыр Көртоғайды басып, Көкойнақты ойнақтатып, бітімшілердің төбесінен түскенде екі жақ та мәре-сәре болды.

– Мен, Райымбекпін! Бітімге қол қойып, разы болсаңдар қолдарыңды көтеріңдер, разы болмасаңдар соғысты бастаймын, – деп ақырып еді, қалмақ хандарының зәресі ұшты.

– Не істесең – істе Райымбек батыр, біз көндік, – деп жалынды олар.

– Онда айтқанымды орындаңдар!

Жоңғар хандары мен жауынгерлері қолдарын көтерді.

– Естеріңде болсын, жақсылықта мен де ішіндемін, соғыс болса басындамын. Істерің қабыл болсын, – деп Көкойнақты тебініп қалып, Көртоғайдың нуына кіріп жөнелді.

Сөйтіп қалмақтар қазақтардың жер туралы ұсынысын қабылдады. Аласа тауының терісімен жүріп, Суықтоғайға түсіп, Жіңішке, Таушілік, Қарабұлақ, Жалағаш, үш Меркі, Көктөбені мекендеген Ағанас ханға үш жылдың ішінде өз еркімен жерді босатуға мүмкіндік берілді.





Жорық Жалағасы

Әұл келісімнен соң жеті жыл өтті. Бірақ қалмақтардың «қазақ пен қалмақ түбіміз бір, тату отырайық» дегені ұмытыла бастады. Астыртын жіберген тыңшылардың айтуы бойынша, Жаркент, Көкталдағы торғауыттар Арыс хан мен Ағанас ханның қолтығына су бүркіп «Тұрған жеріңнен қозғалма, енді қазақ қумайды. Егер қоқан-лоққы жасаса, біз саған жәрдемдесеміз. Олар шабуыл жасап сендерді алса, бізге де жетеді. Сондықтан бәріне даяр болу керек» депті.

Соны арқау етіп, Ағанас хан келісімді орындаудың орнына Қарабұлақтан тоған қазып, тары егіпті. Тоғанның көмейінде су тез жүрсін деп, атасынан қалған ғұрып бойынша, үш адамды бауыздапты. Мұны естігенде, қазақтардың қаны басына шапты. Елшілікке Барақ батыр барып, қалмақтардан жерді босатуды талап етті. Жауапты олар бір айдан кейін беретін болды.

Қалай дегенде де Арыс хан мен Ағанас хан бұл өңірден соғыссыз кетпейтіні белгілі болды. Барлаушылардың айтуынша, қалмақтардың соғысқа дайындығы мықты. Келісім бұзылды, жорық жалғасуға тиіс болды. Райымбек батыр жауына үш жолмен шабуыл жасауды ұйғарды да, үш топқа бөлінді.

Бірінші топ Таушілік пен Жіңішкенің тауларын, Жалағаш, Меркіні азат етіп, Ағанастың ордасына шабуылдауға тиіс еді. Бұлардың басшылары – Райымбек, Бақай, Барақ, Бердіқожа, Сатай батырлар.

Екінші топқа Суықтоғай, Бартоғай, Торайғырды тазартуға тиіс Қапай, Ердес, Тілеуке, Ақбас, Аралбай батырлар енді.

Үшінші топты Қангелді батырдың өзі бастады. Олар Сарытоғай, Бөрітескен, Көртоғай, Сарқоршын, Қарадаланы азат етіп, Құлық тауының Көкиірім суының құйғанында¹ бас қосуы тиіс. Бұл топта Ырыскелді, Биеке, Бекбас, Талпанбай, Өтеп батырлар бар болатын.

Қазақтың қалың қолы тұс-тұстан лап қойғанда, қалмақтар кіммен соғысарын білмей қалды. Ағанас хан «Тары қоймасын өртеңдер, қазаққа бұйырмасын» деп жарлық берді. Бірақ оған қалмақтарды жібермей, қазақ қолы құтқарып қалды. Шайқас кезінде ойламаған жерден Райымбек пен Ағанас хан кездесіп қалған еді. Көкойнақ Ағанас сілтеген қылышты иесіне тигізбей ойқастап өтіп, екінші бір тақымын

¹Құйған – өзен-судың құя берісі.

қысқанда қалмақтың ту сыртынан шығарды. Айлалы міністің мына бір қошеметін Райымбек батыр қалт жібермеді. Алмас қылыш жарқ етті де, Ағанас ханның басы домалап түсті. Ханның құлағанын көрген қалмақ тобы қашып берді. «Райымбек!» деген ұран ен даланы шарлап кетті. Осы кезде Жіңішке, Таушілік тауына жол тартып кеткен Барақ батырдың тобы келіп жетті. Рухтанып алған Жетісу әскері Суықтоғайдан Қарабұлақ, Меркі, Кеңсу, Көктөбе, Үш қараға дейін шабуылдады. «Аса сақ қимылдаңдар!» деп дауыстады Райымбек батыр. Мұның астарында Жаркент, Көктал жақтан Төреханнан көмек жетіп қала ма деген қауіп бар еді.

Ендігі міндет – Арыс ханның көзін жою. Райымбек Арыс ханның ордасына шабуыл жоспарын талқылағанда әр тұстан қоршап алуды ұсынған. Бірақ төңірегі тау-таспен қоршалған бекініске ат қою оңай іс емес еді.

Арыс хан қазақ әскері өз ордасын шабады деп ойлаған жоқ еді. Себебі жуық маңда Ағанастың әскері тұр. Көмекке жаушы шаптырса, Төрехан ханның берген серті бар. Олар жетіп жатса, Арыс ханды қандай жау алмақ. Еркек біткенге аттың жараулысын мінгізіп, құрал беріп дайындап қойғандықтан, тіпті сенімді.

Райымбек қалың қосынды сәл артқа тастап айсыз қараңғыда таңдап алған тоқсан жауынгерімен Арыс ханның ордасына жақын келіп тізгін тартты. Ондағы мақсаты жаудың әлсіз бекінген тұсын біліп, түннің бір уақытында басып қалу еді. Өңшең қалмақша киінген бұл топ маңайды ұзақ шолды. Бүйембайды бас етіп, қалмақша киіндіріп, барлауға аттандырған Райымбек әліптің артын бақты. Түнде қоршағандықтан, бірде-бір қалмақ құтылуға тиіс емес-тін. Төреханға көмек сұрап барса, ол да қарап қалмай мұнда келері анық. Аса қауіпті-ақ. Арыс хан мен Төрехан екі жақтан қысса не істерсің? Бүйембайдың айтуынша, Арыс хан қырсық қылғандай сол күні қалың әскерінің ішінде екен.

Өттең-ай, сәл кешікті. Ай тумай тұрып, сойқанды салғанда ғой. Қалмақ сарбаздары қараңғыда бірін-бірі турап есі шығар еді. Амалсыз «Райымбек!» деп ұран салып кірді. Ұйқы құшағында жатқан жүзбасы, мыңбасы, тіпті Арыс хан да қолына қаруын ала салып, қарсы кездескендерді сілтей соқты.

Қаптаған қалың қол басып кіріп, Бақай мен Барақ батырлар қалмақ әскерін қоршауға кіріскенде, Арыс хан өз ордасына от қойып, әскерден ары таман қоныс тепкен ауылдарға қашып кетті. Оған ілесіп нояндары да, ауыл-жұрты да қолына түскен жылқы мен түйеге мінгесіп, елбесіп-селбесіп Шалкөдені бетке ұстап, Айғайтасқа тайып отырды.

Қазақ жағынан да біраз жауынгерлер мен батырлар көз жұмды. Жараланғандары қаншама. Жан аямай соғысқан жерде өлім болмай тұра ма?





Жетісу жасақтары Көміршіде бас қосып, үй тігіп, өлгендерді жерлеп, жаралыларды емдеп, демалыс жариялады. Қолға түскен тұтқындардың, мал-мүліктің есебін алып, орналастыруға адамдар бөлінді.

Қалмақ қосындары Шалкөдеге жетіп, артынан қуғын болмаған соң, өз елінің қалғанын жинастырды. Теріскей жағы Қалжаттан өтіп, Құмбел, Айғайтастан асып, Ағанас ханның еліне жетті. Бытшыты шыққан екі ханның әскерінің қалдықтары тоғысты. Таушілік, Жалағаш, Көктөбе, Үш Қарқарадан қашқандар:

*Қош, Таушілік, Жалағаш,
Түңілді ханың Ағанас.
Райымбек тұрғанда,
Біздікі емес мал мен бас.
Үш Қарқара, Көктөбе
Бұрын Бұрқан жақсы еді
Енді бізге өкпелі
Райымбек тұрғанда
Енді бізге жоқ төбе, –*

деп зарлады.

*Көмірші, Темірліктен қашқан қалмақтар:
Көмірші мен Темірлік берік еді ордамыз,
Біз қазаққа шапқанда еркін еді олжамыз.
Райымбек келгенде таба алмадық қорғаныс,
Елін тастап қашқаны-ай, қарсыласпай хан Арыс, –*

деп көкейіндегісін көпке айтысты.

Алайда, оң-солын бағамдаған, әлі де қазақ жерін мекен еткісі келетін Арыс хан шүйгінді шалғыннан, тұнып тұрған байлықтан айрылғысы келмеді. Көпті көрген әккі қалмақ әскерін жиып:

– Қазақ бізді қуғанын қоймайды, қуып жүріп қырудан да таймайды. Өздерінің жерін босатып беріп, шартқа отырмасақ, жағдай қиын. Ол үшін алдарына жосын (қалмақша айып тарту) алып барып өтініш жасайық, – деді. Ұсыныс хош алынды. Жетісу әскерін бастаған Райымбек батырға елші жіберілді.

Бұл кезде Райымбектің жеңімпаз әскері демалып, алдағы жорықтың жайын талдап жатқан еді.

– Бізге қарай үш салт атты келеді. Қолында ақ туы бар, – деп хабарлады биік үстінде тұрған қарауыл.

– Қару-жарағы алынып, батыр ордасына жеткізілсін, – деді төменіректе тұрған жүзбасы. Әлгі үн терең аңғарды жаңғыртып, бұл маңға жетіп жығылды.

– Ба..тыр... о...ордасына же...ткізілсін.

Тақиядай дөңгеленіп отырған батырлар тобы мұны естігенде Райымбекке жалт қараған. «Батыр не дер екен?» Сауалдың жауабын Райымбек бірден айтып салды.

– Бұл соғыста көп батырларымыз қаза тапты. Жараланғандар да баршылық. Сондықтан да келіссөзге бара алмаймын. Арыс ханның басын кеспей тоқтамаймын. Қалмақ итте кегім кетті, – деді ол гүжілдеп.

Ұрыс кезінде Райымбек батырға да оқ тиген. Түнгі айқаста қос жанарың алдыңды да, артыңды да бақылауы қажет. Осындай бір сәттерде қайдан ұшқаны белгісіз, сайтандай сап етіп ұшқан жебе жуан санның қалың етіне қадала кетті. Қан шықпай ісініп, айналасы көгеріп салған. Оқ тереңдей еніп, бірқыдыру уақыт алынбай тұрып алды. Тіпті, әп-сәтте іріңдей бастаған-ды. Көзінен жас шықса да шыдаған Райымбек шынтақтай жата кетті. Аманжол балгер іріңін суырып, жарасын байлады. Сол азаптың кесірі ме, түсі сұрланып, айтарын айтып, ыңқылдап жата кетті.

– Сабасына түссін, – деп сыбыр етті Барақ.

Біраз көз шырымын алған батыр сәлден соң тілге келді.

– Мені осы соғыста шейіт болды деп қалмақ атаулы түгел қуаныпты. Шамасы, оқ тигенін байқап қалған ғой, сұмдар. Елшілеріңді қабылдап, жөн-жосығын біліңдер. Талап қатал, айтқанды орындатыңдар, – деп бұйырды ол. – Қалмақтарға жаралы емес, сау Райымбек болып көрінейін...

Елшілер кіріп, қазақ батырларының аяғына бас қойып:

– Тақсыр, қазақтың игі-жақсылары! Біздің ханымыз сіздерден кешірім сұрап, шақыруға жіберді, – деп сызылды. – Сіздер үшін үй тігілді, ас дайындалды...

Алғашқыда күңкілдескен әскербасылар елшілер кеткен соң Райымбекке сөз салған.

– Қалмақтың бас иіп, қол қусырғанын мен де бір көрейін. Тек абай болыңдар. Бес жүз сарбаз ертеік, – деді ол.

Бұл бір есте қалатын жәйт еді. Небір қырғын соғыс, ара-тұра бітімгершілік шараны бастан өткеріп жүрсе де, Райымбек қалмақтың жосын тарту дегенінің не екенін білмейді екен. Батырларды бастап Шалкөде өзенінің бойына аттанғанда Райымбек көңілі көтеріліп, жарасы мазасын алмай, шадыман күйде еді. Оның үстіне Арыс хан бастаған қалмақ батырлары тоғыз атан, тоғыз тұлпар алып шығып, жақындай бере аттан түсіп, бас иді. Сонан соң жетектеген малдарын тапсырып, Арыс хан бастап Райымбекті қолтықтап ақ шатырға енгізді. Ас ішіп, кеукілдесіп, біраз уақыт өткенде, бітім шарасын бастап та жіберді.

Қалмақтардың күні қараң еді. Өздері ел шетіне тиіп, жазықсыз жұртқа қамшы үйіргеніне айыпты болып отырғанда, мына жеңіліс тіптен ойсыратып кетті. Ұстамы берік, ісіне қатал кекті қазақтар



айтқанын жасатты. Қазақтардың қолына түскен мал қайтпайтын болды. Қолға түскен тұтқындардың қайту-қайтпауы өз еркінде саналды. Бұрынғы қазақ-қалмақ келісімі бойынша қазақтан өлгендердің құны төленсе, ең сорақысы, қалмақтан өлгендер құнсыз деп есептелді. Осы жайды тезірек бітіру үшін екі жақтан адамдар белгіленді. Екі ел шекарасы анықталды. Елді шапқын тоқтатылып, бұзықтық істегендер өлім жазасына бұйырылады деп шешілді.

Бұл жеңістің Жетісу халқына пайдасы мол тиді. Кең байтақ өріске ие болып, жаз жайлауға, қыс қыстауына, көктемде көктеуіне, күзде күздеуіне көшуіне еркіндік тиді. Мал өсіруге ден қойды. Райымбек Ағанас ханнан түскен қырық мың пұт тарыны халыққа үлестіріп қарық етті.

Жетісу жасағының Шелек, Түрген, Кеген, жалпы, Жетісу өңірін жаудан тазартқаны туралы сүйінші сұраған жеңіс хабарын Абылай хан да естіп «Бір кездегі ауып келгендердің ішінен шамасы жеткендер биыл күзде, шамасы жетпегендер келесі көктемнен қалмай ежелгі атамекені – Жетісу мен Алатау алқабына көшетін болсын» деген хан жарлығын шығарған еді. Абылайдың мұндағы көздегені – қалай да жаудан босаған шекара аймақтарды иесіз тастамау, әрі жер тапшылығын көріп қысылып жүрген рулардың өрісін кеңейту еді. Бас хан ел қамын ойлап жатқанда Райымбек батыр да ой үстінде болды. Себебі «аңдысқан жау алмай қоймайды» демекші, атақты Жаркент, Көктал қорғандарында Төрехан есімді торғауыт иелік етіп тұрған. Күтер қауіп те сол жақтан еді.





Жау Жар астында

Жалмақтан түскен мал-мүлікті қазақ әскері бұрыннан қалыптасқан ереже бойынша бөлді. Бас жүлкені¹ ел Райымбек батырға ұсынды. Қос басына бір жылқыдан бөлгенде, төрт жүз жылқы артық шықты. Оларды соғыста өлгендердің бала-шағасына, ауылдағы жетім-жесір, кемпір-шалдарға үлестірді. Жұртшылық батырдың қамқорлығына риза еді. Райымбек жиналған топ алдында өз ұсынысын айтып ағынан ақтарылды.

– Біз әлі де соғысамыз. Ел шетінде жат пиғылды жау тұрғанда қылыш қынында жатпайды. Ендігі міндет жастардың «мен өз еркіммен елімді қорғап, жауға қарсы шығамын» деген намысы керек. Сонда ғана біз соғыста жеңеміз, – деп ұран тастады. – Жабағы тайды жауға мінуден құтылды. Қарағайдан найза ұстау келмеске кетті. Мініс жылқы тұлпар болды. Ендігі міндеттерің, жас батырлар, соғыс әдісін еркін меңгеру. Біз ата, аға болып ақылымызды айтып, білгенімізді үйретеміз. Сендер ел тірегі, оқ өтпес қалқан болыңдар! – деп сөзін жігерлене аяқтады. Қалың әскердің «Райымбек, Райымбек!» деген ұраны аңғар-аңғар сайды, таутас құзды, ен даланы жаңғыртты.

Жиыннан кейінгі отырыста батырлар Қабанбайға жаушы жіберу керек деп шешті. Бұл шартты ұсынған бас қолбасшының өзі еді. Сол жерде баратын адам да белгіленді. Ол барлаушы Бүйембай бастаған топ болатын. Оларға суыт жүріп, тез оралу тапсырылды. Қалғандары малын айдап, жаралыларды алып, мекендеріне қайтты. Біраз батырлар Бүйембайды күтіп, күнделікті сән-салтанатта болып, көңіл семіртті. Енді бірі, әсіресе, жастар жағы әскери ойындарға жаттығып, әдіс-айла үйреніп жатты.

Батырдың Бүйембайды Қабанбайға жіберуінің өзіндік себебі бар болатын. Көп ойланып-толғанып, не де болса Төрехан туралы жұмбақты шешіп алғысы келді. Түбінде қалмақ елге тиіспей қоймайтыны ақиқат. Оның үстіне Жетісу тобындағы қазақ әскері Ағанас пен Арыс ханды талқандап жатқанда Төрехан көмекке келмеді. Берген уәдесінен тайқып кетті. Тыңшылардан естуіне қарағанда, Төреханның Тарбағатай, Шәуешектегі жоңғар хандарына көмектесемін деп берген серті бар.

Бұл кезде Қабанбай әскерін алға сап, жұртын сонау Барқытбел, Тарбағатайға, бұрынғы өздерінің қоныстарына апара жатқан. Қабанбай

¹Жұлке – соғыс кезінде қолға түскен олжаның ең қомақтысы.



оңай-оспақ адам емес, әйтпесе қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайлана ма? Жолындағы жауды жайратып, еркін басып алға жылжығанын Райымбек көрмей-білмей-ақ іші сезіп отыр. Енді Төрехан қалай тыныш жатпақ? Қалмақ туыстарына болысу үшін ол міндетті түрде Жетісу жасағын шауып, оған жол салады. Міне, осы бетпе-бет қашан басталады? Бүйембайды суыт жіберіп, асыға күтудің себеп-салдары осы. Тек жау қолына түспей, тез келгені қазақ әскері үшін өте қажет.

Қабанбай батырдың қалмақпен қырқысып жатқан соғыс өтіне жақындаған Бүйембай ойда-жоқта тосын жағдайдың үстінен түсті. Сол тұсқа жасырын келген қалмақтың ішінен бір жас жігіт аттың астында қалып, аяғы сынып қолға түскен екен. Қалғаны қашып кетіпті. Екеуара әңгімеде жігіт ағынан ақтарылды.

– Мен Төреханның қарауындағы бір тайпа елді билейтін бектің баласымын. Маған хан «Жетісу әскері Ағанас, Арыс хандармен соғысып жатыр. Қалмақтардың ордасын бұзамын деген бас батыры Райымбек қолға түсіп, қылышпен шауып өлтіріліпті. Бірақ оның өлгеніне күдігім бар. Осыны біліп келіңдер. Қазақ әскерінің саны қанша екенін де ескеріңдер. Олар басқа қалмақпен соғысып жатқанда, біз мына жердегісін жайратайық» деп тапсырма берген еді, – деді тұтқын жігіт.

Шынында, Райымбек Арыс ханның ордасында шейіт болды деген өсектің тарауының өзіндік мәні бар-тын. Сол шайқаста Андас батыр қашқын қалмақтардың қолына байқаусызда түсіп қалады. Оның шабуыл кезінде «Райымбек» деп дауыстағанын естіген қалмақтар: «Сен Райымбек батырмысың? Шыныңды айт», – деп қысады. Андас «мен Райымбек емеспін» десе де, қашқын топ біз Райымбек батырды қолға түсірдік деп жан-жаққа хабарлап жібереді. Жігіттің жасырын жүруінің мән-жайы осы екен.

Бұл шақта артта келе жатқан Қапай мен Сатай батырлардың қосыны жеткен еді. Батырлар ақылдасып, барлық жағдайға қанығып, Бүйембай бастаған барлаушылар жедел түрде Райымбекке аттанды. Құдай сәтін салып, хабар дәл уақытында жетті.

– Қолда бар батырлар жауға қарсы көтеріліп, қалмақтармен соғысқа кіріседі. Бас көтерген жыланды өз інінде таптау керек. Қалғандары соңымыздан келе жатар, – деді қаһарына мінген Райымбек. – Баяғыда Қорын ханның ордасын қарлы боранда шапқанбыз. Сертті бұзған Төрехан хан тыныштықты өзі бұзды...

Райымбек, Бақай, Бердіқожа, Ердес, Барақ батырлар аттан түспеген күйі Қапай мен Сатай тұрған Қараталға жол шекті. Қазақ мекендеріне жаушы жіберіліп, мекен басшыларына тапсырма берілді. Егер Төрехан хан қалың жауынгерін қаптатар болса, сақ болуын ескертті.

Райымбек бастаған батырлар қыстың қақап тұрған шағында Қараталға жиналды. Дәл осы уақытта жасырын келген бір топ қалмақ әскері жақын маңдағы ауылды шауып, бір малшыны ұстап алады. Одан Райымбектің

өлмегенін, барлауға жіберілген қалмақ батырының қолға түскенін біледі. Қарсыластарының Қараталда бас қосқанынан да хабардар болады. Анық-қанығы Төрехан ханға түгелдей жеткізіледі.

Райымбек батыр да қалмақ ішіне қос «бауыры» Арыстан мен Бүйембайды аттандырады. Тапсырма, негізінен, қалмақтардың қазақтарға қашан, қай тұстан шабуыл жасайтынын, әскер саны, күші қандай екенін білу болатын. Барлаушының міндеті – ең жауапты да, қиын іс. Аппақ шатырдай киініп, балгер-құмалақшы атанған Арыстанды қалмақ жұрты әулие деп ұқты. Құмалақты шашып жіберіп, түсін өзгертіп сөйлеген «құмалақшы» «Райымбек өлген жоқ, тірі. Әділетсіздікке қарсы жорық бастауға дайындалып жатыр» деуді де ұмытқан жоқ.

Бір күні «құмалақшыға» жалғыз баласының аяғы сынып қолға түскеніне қайғылы тайпа билеушісі келеді. «Құмалақшы» бұл жолы баланың өңін, түр-түсін, ұстаған құралын, тіпті аяғының сынғанына дейін айтып береді. Мұны естіген қалмақ билеушісі «әулие құмалақшының» аяғына бас ұрып, жылап қоя береді.

– Уа, әулие, мен баламды тірі көремін бе? – деп сұрайды. Арыстан құмалағын ары-бері араластырып:

– Бала өзін өте жақсы сезініп жүр екен. Бас батырдың қолында, аз уақыттан соң балаңнан бір хабар болады, – дейді. Бір тайпаны билеген бек жалғыз баласы дегенде жаны қалсын ба, әңгілемесе отырып, Төрехан ханның жоспарын айтып салады. Оның айтуынша, хан жаз шыға шабысуға дайындалып жатыр екен. Өйткені бұл кезде ел батырлары жан-жақта, өз мекендерінде болады. Мұндағыларды тас-талқан еткен соң Тарбағатай мен Шәуешектегі қазақ әскеріне тосыннан тимек. Сонымен бірге, хан Райымбектің жаралы екенін де білетін болып шықты.

Барлық жағдайға қанық болған Арыстан мен Бүйембай түнде шығып, таң ата Райымбекке жетеді. Қазақ батырларының алдында осыған дейін не көріп, не естігендерін түгел баяндайды.

Жаз шыға бере Қабанбай батырдан да барлаушы келіп жетті. Бас сардар Райымбектен Төреханды Тарбағатайға жақындатпауын өтініпті.

Жетісу әскерінің басшылары ақылдаса келе, құпия жоспар жасады. Ең бірінші кезекте тау мен сайға қонған шашыраңқы елді бір ортаға жинау міндеті тұрды. Райымбек бастаған жауынгерлер Сарытаудың күнбатыс сыртынан тартып, елді Үйгентас пен Үсекке түсірді. Бақай батырға да осындай міндет жүктелді. Бердіқожа да осы әрекетке көшті. Қангелді, Қапай, Сатай, Өтен, Аралбай, Ырыскелді сияқты қарт батырлар ордада қалып жағдайды бақылап отыруға, қиын кезде көмектесуге тиіс болды. Олардың қолында мол әскер барды. Соғыс кезінде қолға түскен тұтқын да, мал-мүлік те осы жерге жеткізілетін болып келісілді, яғни орталықпен байланыс үзілмеу қатаң тапсырылды. Бұйрықты орындамаған әскербасшылар ең ауыр





жазаға лайық деп есептелді. Елді жайғастырған соң үш топ тоғысып, үлкендердің батасын алып, үш жаққа аттанды. Аузында серті, қолында қылышы кетті. «Атамекенімізді жаудан толық босатқанша қаруымыз қолымыздан түспесін» деп ант берісті.

Бірінші болып жолға Райымбек батыр шықты, екінші Бақай батыр аттанды, үшінші кезек Бердіқожа батырға тиді. Артта қалған қарт батырлар жастарға ақ жол тілеп, орталық атанып, өз шатырларын тікті.

Алғашқы дүрбелеңді Райымбек батыр бастады. Өйткені оның әскері үшін Қабанбай батырға берген уәде бойынша Төреханның Тарбағатай,



Шәуешекпен байланысын ұзу бірінші міндетте тұрған. Ол жоңғарларды әр тұстан түре қуып, кездескен қалмақ әскерінің көзін жойып, жедел түрде алға қадам басты. Қашқан елдің алды Төреханның ордасына жетіп: «Райымбек әскерімен еліңді шауып, қатын-бала, кемпір-шал, қой-сиыр жұртта қалды», – деп хабарлады.

Тосын оқиға қалмақ ханын жай түскендей есеңгіретті. Қайратын бекемдеп, бұрынғы дайын әскерге елдегі қару ұстауға шамасы келетін еркекті қосып атқа қондырды. Ел алдында сөйлеп:

– Ағайындар! Бізде құрал да, әскер де, батыр да қазақтардан көп. Атам Қоңтөжіден бастап қазаққа есеміз кеткен жоқ. Сондықтан да мал ұрлап жүрген ұрыдай тірлік танытқан қазақтарды талқандау керек. Соғысты тез бітірген жөн. Басшы батырларының қолға түскенін менің алдыма әкеліңдер. Әуселесін көрейін, – деп жауынгерлерін рухтандырды. Бұл кезде қалмақ арасына іріткі салу үшін әдейі жіберілген Аманжол, Арыстан бастаған топ іске кірісіп кеткен еді.

– Мен Ағанас хан мен Арыс ханның Райымбекпен болған соғысында болғанмын. Оған оқ тимейді. Ғажап айлакер. Әуелі атына дейін ақылды. Онымен соғысу қиын, – деді Арыстан.

– Оның жүрегінің түгі бар. Мыңнан асқан қарсыласымен жалғыз өзі соғыса береді. Әйтпесе қалмақтың екі ханы одан неге жеңілді? Шіркін-ай, осыдан аман құтылсақ, – деп қойды Аманжол.

Қалмақша сөйлегендердің қазақ жансыздары екенін қайдан білсін, ел ұйып тыңдады. Райымбекті аса бір теңдесі жоқ керемет деп ұқты. Бұл әрекет өз нәтижесін беретініне сенімді болған екеуі түн ортасында қайтып оралды.

Алғашқы күні түзем құрып соғысқан қарсыластар кеш бата екіге айырылып, екі жақтың әскербасылары ертеңгі күнгі шайқастың жай-жапсарын талдады. Қалмақтар көп әскерімен жеңіске жететініне сенімді еді. Райымбек бастаған қазақтардың ойы басқаша өрілді.

– Жеңіске тезірек жету үшін қалмақ әскерінің қолбасшысын қолға түсіру керек, – деді Райымбек.

– Қауіпті емес пе? – деді Бақай батыр.

– Сақтансаң, Құдай да сақтайды, – деді екінші бірі.



Chapter 6





– Адам өлімін азайту үшін басымызды бәйгеге тігеміз. Түн көмектеседі, – деді кенет Райымбек.

Жау әскерінің әр тұсына сарбаздарын дайындап қойып, Райымбек бастаған қалмақша киінген көп «қалмақ» қарсы жақтың қолбасшысының шатырына жақындап келіп аттан түсті. Түннің бір уақытында жүрген үлкен әскербасылар деп ойлаған күзетшілер қонақтарды қол қусырып, тағзым етіп қарсы алды.

Қалмақ нояны ұйықтап жатыр екен. Жанында алмас қылыш, шашақты найза. Соғыз кезінде осыншама бейқам болу жөн бе екен?!

– Үнін шығармай, қол-аяғын байлаңдар, – деп әмір етті бас батыр. Сөйтті де тұлымды ноянға:

– Мен Райымбекпін. Аузыңды ашсаң өлесің, – деп ескертті. Шыға бере қос күзетшіні сылқитып, тұтқынды атқа қондырды.

Қазақ қолы таң алдында көтерілді. Ағарып келе жатқан ақ шапақ аумақтанып, бұл маңға жетіп жығылғанда, таңғы дала «Райымбек, Райымбек!» деген қуатты үнге құлағын салып жатты. Қалмақ туы көтерілмеді. Бас қолбасшының жарлығы берілмеді. Басшысы жоқ әскер сәлден соң тым-тырақай қаша жөнелді. Қашқан жауға бәрі дәу. Кешегі күні айбынды көрінген қалмақ қосыны әп-сәтте мынадай күйге түседі деп кім ойлаған. Әр тұстан екпіндей соққан қазақ әскері қалмақ сарбаздарын қуалап жүріп, жер жастандырды. Жаңбыр аралас жауған қар біраз қиыншылықтарға кездестірді. Тау мінезі жайма-шуақ емесі көпке белгілі. Табиғат ана бұл соғысты жақтырмағандай күй танытты.

Соғыс құрбандықсыз болмайтыны бесенеден белгілі жайт. Бірақ оған қарапайым қалмақ халқы да, атқа мінген қазақ та кінәлі емес-тін. Бәрін бүлдірген басқа жұрттан басым түсіп, зорлықпен өлтіріп, малын, байлығын тартып алуға ұмтылған билік иелері еді. Көзі тоймайтын жұрттың түптің-түбінде бір зауалға ұрынары хақ. Іле бойынан Қорғасқа дейінгі жолда найзаға шаншылып, қылышқа шабылып, қан сасыған қалмақ сарбаздарының мүрдесі жатты.

Қалмақтан келген батыр

Сындай аласапыран шақта қызыл іңірде қазақ батырларының шатырына қарай қос атты келе жатты. Мұның бірі қарауыл, екіншісі қалмақ шебінен өтіп кеткен қазаққа ұқсаған жас жігіт еді. Бейтаныс жанның басынан аяғына дейін көз салып шыққан батырлар аттан түсіп жағалай сәлем бергеніне ризалық танытып, қауқалақтай қоршауға алып, ата-баба дағдысымен жөн сұраған. Сұсты, қою қасты, әдеміше келген жігіт қоңыр дауыспен сөз бастады.

– Мен Төреханның белгілі бір тайпасын билеген адамның баласымын. Бірақ, ол менің шын әкем емес, – деді жігіт әңгімесін сәл үзіп. Батырлар бейтанысқа таңдана қарады.

– Менің әкем алты жасында қалмақтың қолына түсіпті. Сүйкімді де сұлу болса керек, бір қалмақ қызығып өзіне бала етіп алыпты. Жылдар өтіп, он алты жасқа толып, бозбала атанған шағында көп ішінен таңдап жүріп, Құралай деген бір сұлу қызды алып беріпті. Әкем өнерпаз, айлакер, мерген, палуан болыпты. Асырап алған әкесі бұл тірлігін құп алып, өте жақсы көріпті. Ерлігімен ханға да белгілі, сенімді жігіт атаныпты. Уақыт өте өмірге мен келіппін.

– Әкеңнің атын айтсаңшы, – деді осы сәт шыдамай кеткен батырдың бірі.

– Оу, шыдасаңшы, – деді екіншісі.

– Онда қызықсыз болатын шығар, – деді үшінші бірі.

Әңгіме ары қарай жалғасты.

– Менің тоғыз жасар кезім екен. Төреханның туысының бір баласымен ойнап жүріп, таспен ұрып, тісін сындырыппын. Мұны естіген Төрехан асырап алған қалмақ әкесіне де бой бермей, «мұның түбі қазақ, қастығын жасамай қоймайды» деп, әкемді дарға асуға жарлық береді. Әкем амалын тауып, қазағына қашып үлгереді. Анам күйеуге тимей, үш жыл күтіп, ақыры келмеген соң ханның сенімді адамына қосылады. Одан тағы екі ұл туады. Сөйтіп үш ұл болдық, – деп бір тоқтады. Әңгіменің қызығына тоймаған батырлардың көздерінен «тезірек бітірсе екен» деген нышан да аңғарылып қалды.



– Соғыс алдында әкемнің қалмақ әкесі өлді. Шешем Құралай тірі. Жақында қазақтар соғыс бастаған кезде Төрехан «ныспысы қазақтар, олармен тілектес адамдар зынданға салынсын» деп жарлық шығарды. Мен бір ханның қарауындағы бектің қойшысы едім. Жарлықты естіп үйге келдім. Бұл хабар анам мен бауырларыма да жетіп қайғырып отыр екен. Анам келгеніме қуанып «Балам, қазірден бастап атқа мін. Райымбек бастаған қазақ әскеріне жет. Батырға жолығып жөніңді айт. Әкең еліне тірі барған болса, бұл сыр ашылмай қоймайды. Ер жігітті Райымбек білуге тиіс» деді. Содан келіп тұрған бетім осы. Атым Құткелді.

– Жарығым-ау, әкеңнің атын айтсаңшы? – деді батырлардың бірі.

– Әкем аты – Бүйембай, – деді жігіт.

– Иә, қалмақта Құралай деген әйелім мен балам қалды деп айтушы еді, – деді Бақай батыр.

– Сүйіншіге кім барады? – деді бейтаныспен бірге қуанған жігіт.

– Құрдастарының бірін жіберіңдер, – деді Бақай.

Жас жігіт жан-жағына таңырқай қарап:

– Алыс жерде ме? – деп сұрады да, жымыып күліп жіберді. – Тірі екенін білмей, тектен-текке сенделгенімді қарашы. Баяғыда-ақ қашып кетуші едім.

– Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң, – деді ақылсынған көптің бірі.

– Ол адасқан жоқ. Әкесі қалмақтан бас сауғалап қашқанда анасында қалған. Түсінікті ме? – деді оны қорғаштаған біреу. Сол емеурінді медеу тұтты ма, Құткелді:

– Анам мен бауырларым жол тапсаң қалмақта қалдырма деп жылап қалып еді, – деді.

– Бәрін орнына келтіреміз, – деген дауысқа жұрт жалт қараған. Райымбек батыр жігітке қарай құшағын ашып келе жатыр екен.

– Туған жерге оралуыңмен, балам, – деді жас жігітті бауырына алып. – Бүйембайдан тусаң жаман жігіт болмассың. Сенің әкең елі үшін еңіреген ер... Жас жігіт батырға күлімсірей қарады.

– Райымбек әкең мен боламын...

Құткелді шын ба деген сауалмен жан-жағына қарады.

– Рас па? – деді. Дауысының қатты шығып кеткенін өзі де байқамай қалған сияқты.

– Иә, алдыңда тұрған Райымбек әкең, – деп сөзін нықтады Бақай батыр.

Жас жігіт тізе бүгіп отыра кетіп еді, Райымбек қарулы қолымен жерден тік көтерді.

– Ноянға жасар тірлігіңді енді ұмыт, балам, – деген қатқыл үн естілді. Өз ісіне ұялған жігіт желкесін қасып:

– Ауру қалса да, әдет қалмайды екен. Кешіріңіз, батыр аға, – деді.

– Қайсы, қай жерде? – деген оқыс дауыс бәрін жалт қаратты. Бүйембай атының тізгінін жанындағы сарбазға беріп, алға ұмтылды.

– Құлыным-ау, бармысың, – деп боздай жөнелді. Үнінде сартап сағыныштың, шарасы толған қуаныштың аңысы бар.

Еңгезердей ел ағасының құшағында баласы көрінбей қалды. Тек қос дене бір-біріне қабысып дір-дір етті. Бұл екі ортада тағы бір қызық оқиға болды. Әлгінде ат ұстатқан сарбаз әкелі-балалы екеуінің үстіне төніп келіп:

– Жездеке, сүйіншімді аламын. Қаракер менікі, – деді әзілдеп.

– Ала бер, жан да, мал да жалғыз құлынымның садағасы, – деді Бүйембай.

– Мынаның жөпелдемеде ұстаған жерін қарашы, – деді Райымбек батыр жігіттің әзіліне сүйсініп. Ел қыран-топан болып күліп жатыр.

– Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқанда не тұрыс?! – деді Райымбек жан-жағына дауыстай. – Той өткіземіз. Он бие сойыңдар, қымыз дайындаңдар, ойын-сауық ұйымдастырыңдар. Төреханды көріп алдық, – деді батыр. Сарбаздардың көңілін аулап, мұндай шараларды жиі жасататын.

– Той өткен соң біраз әскермен барып, сұлуыңды алып келесің. Әзірге қуанышың құтты болсын! – деп Райымбек Бүйембайдың арқасынан қағып, ордасына қарай беттеді. Әкелі-балалы Бүйембай мен Құткелді осы бір мейірбан жанға ықыласын төгіп, артынан қарап тұрды.

Той үстінде Қабанбай батырға жіберілген жаушы жетті. Бас сардар қазақ әскерінің шығандап алға жылжығанын, Жаркент тұсынан жау қосылмағанын айтып Райымбекке алғыс жолдапты. Бұл хабар қуаныш отын лаулатып, жігер үстіне жігер қосқандай еді.

Қазақ қолы қайткен күнде үш топқа бөлініп, Төреханның ордасын бұзуға бел шешті. Биік қорғанды бекіністі алу – қиынның қиыны. Райымбек батыр мен Бақай ер қызыл іңірдің қараңғысында қорған қақпасына жақындап келді. Жан-жаққа барлаушы жіберіп, қалмақ қолының қалада топтасқанын анық білді. Түн ішінде үш жақтан сыналап кіріп, келесі сәтті күткен сарбаздар тым-тырыс. Артық ауыз сөз, әсіре қалжың, тіпті жөтелге де тыйым салынған. Келісім бойынша, Райымбек батыр бастаған топ хан ордасына кірмек болатын. Қалмақтар да қарап жатпай, сауысқандай сақтық жасапты.

– Жау шапты, – деп бірі дауыстап жіберді. Іле «Райымбек!» деген қаһарлы ұран естілді. Жан-жақтан кіргендер қарсыластарын сыртқа жібермей, айлы түннің астында шайқасты. Айқайлаған, ыңырсыған дауыстар таң атқанша естіліп жатты. Төрехан біраз сарбазымен қашып үлгеріпті... Басқасы шамасы келгенше қорғанды. Таң атысымен біразы тұтқынға беріліп, енді бір тобы қашқан еді, Ердес батырдың сарбаздары қуып жүріп қырды.

Шайқас саябырлап, өліктерді аралап жүрген Райымбек мәңгілікке көз жұмған біраз батырды көрді. Шамасы, байқаусызда қалмақтардың тобына қоршалып қалса керек, алдындағыларын жайпап салғанымен, арттан тиген қылыш, гүрзі бастарын мылжалап кетіпті. Атышулы біраз жас батырлардың да өмірі үзіліпті. Райымбек, Бақай, Ердес, Тілеуке, Аманжол батырлар ауыр жараланды. Шығын да, жаралылар да жетіп артылады. Тар қорған, ұңғыл-шұңғылы көп мекен өз дегенін жасады. Бас батыр қатты қиналды. Жапан түзде, сар далада, таудың сай-сайында, биігі-дөңесінде еркін қимылдайтын қазақ сарбаздары Төреханның құрған торын қиратып, жеңіске жеткенімен, бұл бір қиын да қасіретті шайқас болды.

Соғыс болған жерді Көкойнақпен ары-бері айналып өткен бас батыр Төрехан қалмақтың қашып кеткенін естіп, қатты ашуланды. Іші қан жылап барады. Қабырғасын ырситып кеткен жау қылышының жарасы да жан сыздата ауырады.







– Иттің баласы! Сенің басыңды алмай, бұл соғыс тоқтамайды. Мына қаруластарымның кегін алмасам, Райымбек атым өшсін, – деді өзіне-өзі ант беріп.

Бұл кезде Төрехан Қорғасқа жетіп, тірі қалғандарын жинап, кеңес өткізіп жатқан.

– Райымбектей тажалдың бар екеніне енді көзім жетті. Құдды бір жаналғыш сияқты. Астындағы атын айтсаңшы. Ортекедей орғиды. Екі атқан жебем соның айлакерлігінен тимей қалды. Қанша батырмын десем де, Райымбекке қол емес екенмін. Ертеңімізді ойлап қазаққа қол қусырып жүгінуден басқа амал жоқ. Арыс ханға күліп едім, қазаққа жосын тартты деп, өз басыма келді, – деп баяндады Төрехан хан.

Бұл бітімге ханның атақты ақыны, әрі шешені Мөңке бастап баратын болып келісілді.

Шайқастан соң есін жиып, ендігі барар жер, басар тауды белгілеген шақта қазақ әскерінің шетіне Мөңке бастаған елшілер келіп жеткен. Олар қазақ батырларының алдында тізе бүгіп, бас иіп, сәлем берді. Өзі де бір шешен қалмақ екен, ағытылып қоя берді.

– Ұлы жүздің батырлары мен жауынгерлері, сіздердің алдарыңызда торғауыт қалмақтың және ханымыз Төреханның атынан бас иіп, құлдық айтып, елшілікке келдік. «Қазақ, қалмақтың айырмасы шешесінің бөлектігі» деп үлкендер айтады екен. Ендеше, бізге жер де, мал да жетеді емес пе?! Елді соғыстырып, қанға бөктірген Төрехан айыпты. Ол кінәсін мойнына алып отыр. Атамыздың «Судың көмейін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген сөзі бар. Айыбымызды жуып бес сұлу қыз алып келдік. Оған қоса, ер-тоқымымен тоғыз тұлпар, тоғыз атан түйе тартуымыз бар. Кессең басымыз дайын, құлдансақ еліміз дайын. Бітімге келіп, құшақтасып, құда, айрылмас дос болайық, – деп Мөңке сөзін бітірді. Аш арыстандай ашулы Райымбек «Қаза тапқан ерлердің қанын қайтарамын. Сонда кегім бітеді» деп отырып алған. Осы кезде ел ішіндегі елеулі атанған Тілеуке жұрттың тілегін жеткізді.

– Уа, батырым! Ажалды адам үйде отырса да өледі, халқы үшін соғысып, соғыста да шейіт болады. Қангелді атамыз иманды болсын. Алды пейіш, арты кеніш болсын. Батырларымыз ақырғы күшін жауын жеңуге жұмсады. Біздіңше, арманы жоқ ол батырлардың. Келешек балаларына, ұрпақ атаулыға атақоныс сыйлап кетті, – деді ол сәл уақыт сөзін үзіп.

– Қалмақпен соғысқанымызға жиырма-отыз жылдай уақыт өтті. Оның алдында үзіп-талып қанша қырқыстық. Халық та қажыды. Ақырғы бітім осы болсын. Байқап отырсақ, осы дүрбелеңде теңдесі жоқ батыр атамыз Қангелді де көз жұмды. Басқа да шейіт болған ер-қырандар қаншама. Бірақ олар біздің жеңетінімізді біліп дүниеден өтті, – деді Бақай батыр Райымбекке көңіл айтып. Жөнді сөзге хан да мылқау. Райымбек ойлана отырып басын изеді.

– Атамды жөнелтейін. Соңғы бітім болсын, келістім, – деді. Қалмақтан келген Мөңке шешен батырға көңіл айтып, қазақ батырларын қарсы алу рәсімін өткізу үшін жиырма күн мұрсат сұрады. Үй тігіп, сойыс сою, қарсы алушы, күтушілерді дайындау да оңай емес. Отырыс орны Жаркенттің күншығыс жағы болып белгіленді. Қош айтысып бара жатып Мөңке:

– Қонаққа мың адам да аз, көп келсеңіздер көпсінбейміз, жүздеп келсеңіздер азсынбаймыз, – деді.

Батырлар кеңесіп, қалмақтарға үш жүз адам баруға келісті. Бітімді ұзаққа созбай, тез бітіруді де ойға алды. Себебі, ауыр жаралылар көп еді. Соларды емдеп, мекендеріне қайтару керек. Қолға түскен тұтқындарды, мал-мүліктерді бөлуді ойластыру міндеті бар. Райымбек батырдың жарақаты ауыр. Оны емдейтін Аманжол да жау қылышынан жараланған болатын.

– Батыр, келісімге өзіміз-ақ барайық. Сіз демалыңыз. Қажет болсаңыз, желдіртіп келіп алып кетеміз. Уағданы сіз айтыңыз, біз орындаушы болайық, – деді батырлар.

Барлық жай талқыға салынып, айтар сөз, барар жер, басар тау белгіленіп, бас батыр өте қатаң талап қойды.

Уәделі күні үш жүз адаммен қазақ батырлары келіп жетті. Төрехан хан өз нөкерлерімен қарсы алып «Келісіміміз сәтті болсын. Достыққа жетейік. Ұрпағымыз бейбіт күн кешсін» деп құшақтаса амандасты. Енді бір сәт көп ішінен бас батырды көрмегенге көтеріңкі көңілі бәсеңсіп, жабырқап қалды.

– Елдің достығын белгілейтін жақсылық бітімге бас батыр Райымбектің келуін қалаймыз, – деп ұсыныс айтты. Бұлар ақылдасып, Бердіқожа батыр барып қайтсын деген уәжге келді. Суыт жүріп, ат ауыстырып келген қазақ батырын қуанышты сәт күтіп тұрған еді. Оны көмекші жігіттер аттан түсе-ақ жеткізген еді. Аманжол Райымбек батырдың қылыш тілген жерін емдеп, санына кірген оғын суырып алып, іріңін тартып жатыр екен. Батыр берген сәлемін алып, сау адамдай ширақ қимыл көрсетті. Бердіқожа қуанғаннан жылап жіберді. Қан майданда, өмір мен өлім ішінде бірге жүрген батырлардың достығы осылай болса керек. Ең қиыспас, адал да ақ ниетті қуаныш жасы шарасынан асып-төгілді.

– Сіздің келуіңізді Төрехан мен бүкіл халқы өтініп сұрап отыр. Біздің батырлар да соны қалайды, – деді келу себебінің жөн-жосығын айтып.

– Мен дайын, – деді Райымбек.

– Шын айтасыз ба? – деп қайталап сұрай берді. Райымбек батыр сауыт-сайманын киіп, Көкойнаққа мініп, желдіртіп шыға келгенде Бердіқожа сыртынан қарап сүйсініп:

– Уа, Құдайым! Тіл-көзіңнен сақта, – деп күбірледі.



1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11
12





Бердіқожа шай қайнатым жерден желдіртіп келіп сүйінші сұрағанда Төрехан хан да, бүкіл торғауыт жұрты да батырды көруге ықылас танытып, алдынан шықты. Жетісу батырлары Райымбекті ат үстінен көтеріп алды. Аса бір алып та емес, қарапайым ғана қазақты көргенде хан да, басқа да таңдана қарады.

Құрметті қонағасыдан соң-ақ, екі жақ келісім шараларын жасауға отырысты. Алғашқыда қазақ жағы атамекеніміз Құлжаға дейін болсын дескен. Оған Төрехан ханның өзі бастап, жұрты қостап «жеріміз тарылды, өрісіміз таулы» деп өтінішін айтып, «етпеттеп» жатып алды. Түптің-түбінде жер шебі Талқыға айқасатын таудан Алмалы суы Қорғасқа түсіп, тура өтіп, Қаракемер, Қарамолаға қосылсын, мұның күншығыс жағы жоңғарға тисін, күнбатыс бетін қазақ алсын дегенге келісіп, Төрехан мен Райымбек батыр қолдарын қойды. Сонымен берге алыс-беріс бір айдың ішінде бітуі керек деп белгіленді. Қалмақтарға бір жыл ішінде шекарадан өз еркімен өтіп біту міндеттелді. Әсіресе, соғыс өртін тұтататын ел шауып, мал ұрлаушылар енді кездесе бірден өлім жазасына кесілсін дегенге екі жақ та келісті.

Сонымен алыс-беріс бір жарым айға созылды. Бірен-саран балалы болып қалған әйел қалмақта қалды. Қазақта да қалмақ әйелдері жеткілікті еді. Олжаға түскен мал-мүлікті есептегенде өлгеннің құны алпыс жылқыға шағылды. Ауыл-ауылдағы мүгедек кемпір-шал, жетім бала, жесір әйелдер, соғыста өлгендердің бала-шағасына көбірек берілді. Негізгі шара елге қоныс, мекен бөлу еді. Райымбек бастап барып шекараға қызыл тастан белгі оба тұрғызды.

Батырлар елдеріне қайтты. Қазақтар бұрынғы өздерінің белгісі бойынша орналасты. Мәселен, Сатай батыр Қорғасқа жақын жерден өріс алды. Райымбек батыр Темірлік Кегеннен өз меншігіне ие болды. Сонымен, Ұлы жүз алды Сырға дейін, терісі Қаратал, күншығысы Алмалы қырқасы, Қалжат, Сүмбе, Көксу тауға дейінгі қонысқа толық иелік етті.

Батырлардың айтқаны келеді

Жылдар өтіп жатты. Бейбіт заманның күндері сынаптай сырғиды. Қарттықтың келгені ме, әлде сағынысу ма, кім білсін, бас батыр Райымбектің ауылына ат басын тірер адам көп. Оның дені – батырлар. Ай жатып, апта жатып аттанады. Ондайда Райымбек бір жасап қалады. Бір кездегі кеудесінде намысы ойнап, жауға шапқан, бүгінде самайына ақ түсіп, сақалдары бозқырау тартқан ерлердің шұрқырасуының өзі бір тарих. Жасқа үлгі, кәріге әңгіме. Өзінің де атқа мініп, ел аралайтыны тағы бар. Бірде осындайда туған-туысқандарын түгендеп, еліне қайтып оралған Өтеген батыр дулат Қараш, жалайыр Қабан, албан Райымбектермен кездесіп қалады. Өтеген мен Райымбек түйдей құрдас еді. Қараштың жасы кіші. Бәрінің үлкені Қабан болатын. Өткен-кеткенді сөз етіп, баладан бастап, кәріге ауысқанда Райымбек ойда-жоқта көкейінде бүгіп жүрген бір сырын айтып қалды. Онда да құрдасына бір жағы әзілдей отырып, түптің түбі шынға ауысқан еді.

– Оу, Өтеген, «елді, жерді көп аралаған – сыншы» деген. Жер-дүниені барлап келді деп естідім, жасымыз болса, бел ортадан көп асып қайқаңға жетті. Өзің батырсың, әрі көпті көрдің. Осы біздің көзіміз жұмылғанда жайымыз не болмақ? Қайсысымыз қай жерде қалар екенбіз, соны айтшы, – деді.

Алғашқыда тосын сауалға күмілжіп қалған Өтеген батыр сәлден соңақ есін жиып:

– «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без» демеуші ме еді көнекөз қарттар. Дүниенің жарығын бізден бұрын көрген ағамыз Қабан айтсын, – деп жалайыр Қабанға бұрылды. Көпті көріп, епті білетін Қабан:

– Жеме-жемге келгенде бір-біріңді түрткілеп, сыныққа сылтау іздеп мені сынағалы отырғандарыңа жөн болсын. Атамыз сөзге тоқтаған, – деп екеуіне қарады да, батырлардың сауалына жауап беруге ыңғайлана берді. – Онда құлақ салыңдар. Бәрі Алланың қолында ғой. Десе де, болжамымды айтқаным айып болмас.

Қабан батыр жан-жағына бір қарап алды. Әлгіндегі әзілдің ізі өшіп, батырлар ден қойып тыңдауға бет бұрыпты.

– Обалым атымды Қабан деп қойған әке-шешеме болсын. Қабан болғандықтан, бір бастаудың басындағы шоқ қамыстың түбінде жатармын. Үш күн денем жерде жатады, үш күннен соң табылмайды. Ал Өтеген сенің жайлы, жылы мінезің бар еді ғой. Менің ойымша, сен жылжып аққан судың жағасында қаласың. Бірақ түбінде басқа жаққа жылжисың. Ал, Райымбек батыр, сен көпшіл едің, қиямет-қайымға дейін басыңнан салдыр кетпейтін үлкен жолдың жағасында қаларсың, – деп Қабан сөзін түйіндепті.

Өмірдің бар ма байлауы-ай. Біреуге ерте, біреуге кеш жарық сәуле сыйлаған Тәңірге не дерсің. Кейінгі кезде Райымбектің ескі жарасы қайта сыр беріп, ауырлай бастаған. «Ел құлағы елу». Мұны естіп, сонау қиырдан ат шабылтып, батырдың көңілін сұраушылар да көбейді. Тіпті, сонау Орта жүзден келушілер ат құрғатпады. Әдетте, ауруға қарттық көрші болса тіптен ауыр. Осы орайда батыр өзінің күннен-күнге әлсіреп бара жатқанын сезді. Бір күні маңайдағы жақын ағайын-туыстарын, жолдастарын шақырып алып:

– Уа, ағайын! Тәңірім адам пендені өзі жіберіп, өзі алады деген шын сөз. Сол айтпақшы, менің де қиыны мен қызығы мол дүниеден қайтуымның уақыты келді. Мүмкін болса, Ұлы жүз батырларына хабар айтып, жағдайымды жеткізсеңдер екен. Қанша бір қатерлі жол, қанды майданда аман шықтым. Сол қиян-кескі соғыста талай жолдастарым, бауырларым қаза тапты. Қандыкөйлек қаруластарымның бүгін бірі тірі, бірі өлі. Соларды, қала бере, жас батырларды бір көріп қалайын. Мына дүниеден хабарсыз кеткенім дұрыс болмас. Қозы аяқтана бөрінің басын қосыңдар, – деді.

Халық ақылдасып:

– Райымбек елге сыйлы, елі үшін басын оққа балаған арқалы ер. Бүкіл елге хабар салайық. Батыр айтқан уақытқа үлгеретін сияқтымыз. Әлі толық үш ай бар. Сәлем жолдап, кісі жіберелік, – деген келісімге келді.

Батыр белгілеген мезгіл де жетті. Сол күні таң ерте атып, күн күндегісінен ерте шыққандай еді. Түнімен жаны ауырса да қыңқ демеген Райымбек батыр таң бозынан тұрып алып, таяғына сүйеніп Сарыжаздың белеңіне қарап біраз тұрды. «Түгін тартса түтілген, қайран менің туған жерім» деп еміренді батыр. Көз ұшында боз сағым қозғалады. Таудан соққан самал сай-құзды аралайды. Етектен жусан иісі бұрқырайды. Пайпай, өтіп бара жатқан дүние-ай. Өрмегіңнің арқауы сөгіліп, көзіңнен жасың төгіліп, не көрмеді, не көрмеді қазағымның ұл-қызы. Ат-жалын тартып мініп, садағын асынып, қылышын тағынып, найзасын ұстап, гүрзісін ұрып, сойылын соғып, өмірден өтті-ау қанша адам. Соның бөрі туған жерін ұрпағына мұра етіп қалдыру үшін, басының азаттығы үшін құрбан болды... Енді жақын арада мен де құшағыңа барамын, Жер-ана. Қош, Хан Тәңірі, асу белдер, шалқар көлдер, желкілдеген жас құрақ...



Күн арқан бойы көтеріле Райымбек Бақай батырды шақырып алып:

– Жан-жақтағы ел келіп болды ма? – деп сұрады. Бақай батыр басын изеп, қолын кеудесіне апарып төжім етті.

– Батыр аға, бәрі де осында, – деді.

– Онда мені биік жерге отырғыз. Халқыммен қоштасайын, – деді.

Жұрты қарт батырды ортасынан сөре жасап отырғызды. Батырдан айырыламыз ба деп аһ ұрған көпшіліктің көзінен жасы парлап тұр. Батырлардың қабағы түнеріңкі. Есесіне қарт батыр Райымбектің жүзі жарқын, сырқатынан сыр бермей тұр.

– Айналайын, халқым, жұртым, батырларым, балаларым, – деді қарт батыр ашық дауыспен үн қатып. – Бұл менің өздеріңмен ақырғы жолығуым болуы керек. Сіздерге айтарым, мен дүниеден сапар шегемін. Фәни дүниеден бақиға аттанамын. Менде арман жоқ, жауды жеңдік. Бұл дәуренді көрмей кеткен батыр қаншама! Енді, міне, жастар өсіп, Құдайдың жазуымен еліне ие болып жатыр. Мені де өз қолдарыңызбен жөнелткелі отырсыздар. Елім үшін тудым, жерімді қорғадым. Жақсылыққа жазсын, – деді де батыр өзін үйге апаруын өтінді.

Қазақ батырлары қарт Райымбек батырды жерлеу орнын белгілеуге кіріскен. Албан елінің батырлары:

– Қайтыс болған жері Сарыжазға қоямыз. Көптеген батырлар көз жұмған жеріне жерленді, – десті.

Жалайырдан келген батырлар:

– Жоқ, олай болмайды. Себебі бұрынғы батырлар соғыста қаза тапты. Қысталаң шақта алысқа апарып қоюдың жөні келмеді. Қазір жағдай ондай емес. Жаугершілік заман келмеске кетті. Батыр дүниеден өтсе, қайтып оралмасы анық. Батыр елдің бәріне ортақ. Қараталға қоюға рұқсат сұраймыз, – деді.

Дулат, Шапырашты, Сарыүйсін, Шанышқылы, Ысты, Ошақтылар батырдың жас кезінде еңбегі сіңіп, жаудан азат еткен жері – Қастекке қояйық десті. Сөйтіп, дау ұлғайып бара жатқанда Бақай батыр қолын көтеріп, ұсыныс жасады.

– Сіздер, лайық көрсеңіздер батырдың өзімен кеңессек қайтеді, – деді ол. Сөйтіп, үш жақтан тоғыз-тоғыздан адам батыр үстіне кірді. Болып жатқан жайды Бақай батыр көп атынан түсіндірді.

– Айналайын, ағайын! Өздеріңе айтарым, Сырымбет батыр бабам мен бергі атам Қангелді де қазақ үшін туып, елін қорғап, өмірін өткізді. Солардың жолын мен де жалғастырдым. Сүйегімді қайда қоюды өздерің білесіңдер. Мынаны ескеріңдер: менің сүйегімді көк шөпке, қапқа орап тігіп, ақ атаныма артыңдар. Ол қайда барып шөгеді, орным сол жер болуы тиіс... Халық аза тұтпасын...

Райымбек батырды қойғанда Алматы тоғай еді. Батырды жерлеп, жиналған жұрт елдеріне қайтты.

Райымбек батыр Ұлы жүз ішінде Албан атадан, Алжан руынан тарайды. Оның үлкен атасы Сырымбет, одан Қангелді батыр туады. Қангелдіден жеті ұл бар. Оның бірі – Түке батыр. Түкенің баласы Райымбек батырдың тоғыз ұлы бар. Олардың ұрпағы бүкіл қазақ еліне тараған.

Қазақ жұртының Райымбек батырды мәңгілік есте сақтауға берген серті бар. Оны әрқашан құрмет тұтады.

Ол бүкіл елге:

– Ел-жұртым, араларыңда Алланың берген жасын жасадым, ырыздығын теріп жедім, кидім-іштім, тұлпар мініп, ту ұстап жауға да аттандым, көш бастап тауға да аттандым, ойға да аттандым. Ел тыныштығын күзетіп, жарғақ құлағым жастыққа тиген жоқ. Белдеуден атым, білектен қылышым түспеді. Қысқа күнде қырық шауып, елге бүлік салған қалмақпен айқастым. Мен жалғыз емес, Алла жар болды, өздерің сүйеу болдыңдар! Бірің көзім, бірің құлағым, бірің білегім, бірің тірегім болдыңдар, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығардық. Сөйтіп айлалы жауға алдырмадық, белсенген жаудың белін үздік. Әділдік жеңді. Аққа Құдай жақ, – деп тұрғандай. Өр ақынымыз Мұқағали да бабасына қарап:

– Қара жауың қайтадан шапса еліңді не етер ең?

– Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем, – деп тұрғандай.

...Қабан жырау қателеспепті: Қасиетті Батыр көпшіл еді, басынан салдыр кетпейтін Алматыдағы үлкен жолдың жағасында жатыр...

Құрметті оқырмандар!

«Шығыстың ұлылары» атты топтама кітаптары күні бүгінге дейін балалар көркем әдебиетінде нақтылы айтылмаған ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Топтама ірі тарихи оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың, ойшыл-ақындардың өмір жолын қамтиды. Сонымен қатар әдеби шығармалар балалардың туған жеріне, халқына, тарихына ыстық сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеп, Отанына деген мақтаныштарын арттырады.

Баспа жобасының жетекшілері және кітапты шығаруға жауаптылар

Қ. Раимбеков, Б. Иманәлиев

Авторы

Ш.Күмісбайұлы

Кеңесшілері

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Жаңа тарих және Қазақстан демографиясының тарихы» бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты Е. Валиханов, Алматы облыстық білім департаментінің директоры Т.Естенев

Суретшісі

К.Каметов

Бас редакторы

Қ. Байғабылова

Көркемдеуші редакторы

Е. Козлова

Редакторы

Н. Сламбекова

Корректоры

Д.Мамырбаева

Біздің мекен-жайымыз:

*Қазақстан, 050000, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-офис
Тел./факс (3272) 728 411, 728 421. E-mail: aruna_ltd@mail.ru*

Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс (3272) 728 411, 728 421

Осы және басқа кітаптарды кітап-поштаға тапсырыс жасау арқылы да алуларыңызға болады. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Пішімі 60x90 1/8. Борлы қағаз. Гарнитура «Школьная».

Шартты баспа табағы 11,5. Есепті баспа табағы 17.

Таралымы 7 500 дана.

«IntellService» баспаханасында басылды.

«Аруна» баспасының дизайн орталығы

М. Сушков